



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ИТАЛИЯ

Рим аймақпен әріптестік орнатуға мүдделі

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №51 (6613) 6 маусым, жума, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

МӘСЛИХАТ

АЛМАТЫ БЮДЖЕТИ

алғаш рет 2,5 трлн. теңгеге жетті



Кеше Алматы қаласы Мәслихатының кезекті XXX сессиясы өтті. Комиссия төрағасы Алтай Бердіқұлов есеп беріп, өткен жылы жергілікті бюджеттің орындалуын тексерген аудит қорытындысын ұсынды. Шаһардың 2024 жылғы бюджетінің орындалуына оң баға берілді. Алматыда алғаш рет бюджет көлемі 2,5 трлн. теңгеге жетті.

Спикердің айтуынша, бюджетке түскен қаржы көлемі 2023 жылмен салыстырғанда, 22,2% өсіммен 2013,2 млрд. теңгені құрады. Негізгі салым әдеттегідей 1810,9 млрд. теңге көлемінде салықтан

түсті, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 24,2%-ға артық. Бұл ретте салықтық емес түсімдердің үлесі 88,2%-ға өсіп, 53,6 млрд. теңгеден асты, оның ішінде әкімшілік айыппұлдарды бақылауды күшейту есебінен.

Көлеңкелі экономиканы анықтау бойынша жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесі оң көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді, соның арқасында 2023-2024 жылдары бюджетке қосымша 200 млрд. теңгеден астам қаржы түсті. Мәселен, 20 мыңға жуық сауда нүктелері көлеңкеден шығарылды, айыппұлдарды әкімшілендіру жақсарды, заңсыз жарнама нысандарына қатысты төлемдер ұлғайтылды.

Шығыстардың орындалуы 95,5%-ды құрады, бұл ретте бюджеттің әлеуметтік бағыты сақталады: барлық шығыстардың 42,4%-ы әлеуметтік саланы қолдауға жұмсалады.

Бірқатар жүйелік кемшіліктер анықталды: 47,1 млрд. теңге игерілмеген, әсіресе, Құрылыс басқармасында игерілмеген қаржы көлемі едәуір.

Тексеру комиссиясы бюджетті қаланы дамыту жоспарымен үндестіру қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ, ұсыныстардың қатарында бюджеттік инвестициялық жобалардың цифрлық мониторингін енгізу және көрсеткіштерді адами орталықтандыруды күшейткен жөн.

2024 жылдың қорытындысы бойынша комиссия жалпы сомасы 431 млрд. теңгеден асатын қаржылық және рәсімдік бұзушылықтарды анықтады. Бюджетке 11,9 млрд. теңге қайтарылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда, сегіз есе көп, 26 әкімшілік іс қозғалды.

Тексеру комиссиясы Алматы қаласының 2024 жылға арналған бюджетінің орындалуына оң баға берді және оның әлеуметтік шараларға бағытталғанын әрі қаржылық бақылау тетігінің үдемелі дамуын атап өтті.

МУФТИЯТ

МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ресми сайтында Бас мүфтидің барша мұсылман жамағатын Құрбан айт мерекесімен құттықтаған үндеуі жарияланды. Биыл Құрбан айт 6 маусымда басталады.

– Баршаңызды исі мұсылман баласының ұлық мейрамы – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге Алладан амандық, мықты саулық, мол ырыс пен бақ-береке тілеймін! – деген Наурызбай қажы Тағанұлы бұл күннің рухани, әлеуметтік, әрі тәрбиелік мәніне тоқталып, қасиетті зұлхижжа айының алғашқы он күнінде көбірек сауапты істер жасауға, арапа күні ораза ұстауға кеңес берді. Құрбан айттың мәні – шынайы ниет пен тақуалықта. Құранда да құрбандықтың еті мен қаны емес, ниет пен тақуалық маңызды екені айтылған.

Ұлық мейрам – адамдарды жақындастыратын, мейірімділік пен кешірімді насихаттайтын рухани құндылық. Құрбан шалу – Аллаға жақындаудың белгісі. Бұл күні қайырымдылық жасап, мұқтаж жандарға қолдау көрсету – сауапты амал.

Бас мүфти құрбан шалудың діни үкімін еске салды: малы, жағдайы бар мұсылманға құрбан шалу – уәжіп. Ал шамасы келмегендер үшін – міндет емес.

Сонымен қатар, мұқтаждарға көмектесу, ата-анаға сыйлық беру, туыстық қатынасты нығайту – айттың басты мазмұны. «Халық арасында ұлт ұстазы атанып кеткен Ахмет Байтұрсынұлы: «Дін адамды түзейтін, тәртіпке салып тұратын бір күш. Халықтың діні дұрыс болса, рухы да, жолы да түзу болады», – деген.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





МАСЛИХАТ

АЛМАТЫ БЮДЖЕТІ

алғаш рет 2,5 трлн. теңгеге жетті

(Басы 1-бетте)

Алматының 2025 жылға арналған нақтыланған бюджеті 2,5 трлн. теңге болып бекітілді. Сессияда сөз алған Қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков бюджет жобасы мәслихат депутаттарының атсалысуымен әзірленіп, комиссияларда жан-жақты қаралғанын атап өтті. Нақтыланған сома – 97 млрд. теңге. Бұл қаржы мемлекеттік сатып алулардағы үнем, қаражатты қайта бөлу, өткен жылдан қалған қалдықтарды пайдалану және кіріс бөлігінің өсуі есебінен қалыптасты. Бюджет негізінен әлеуметтік саланы, инфрақұрылымды дамытуға, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртуға және қалалық ортаға цифрландыруды енгізуге бағытталған.

Денсаулық сақтау саласына қосымша 17 млрд. теңге бөлінеді. Алмалы, Наурызбай және Түркісіб аудандарында әр ауысымда 500 адамды қабылдай алатын 4 жаңа емхананың құрылысы басталады. №4 қалалық клиникалық аурухананың құрылысы жалғасады. Сондай-ақ, орфандық аурумен ауыратын алматылықтар үшін медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмек сатып алуға, №23 емхананы және «Алау» оңалту орталығын күрделі жөндеуден өткізуге қаржы қарастырылған.

Білім беру саласында «Жас қанат» шағынауданындағы жаңа балабақшаның



құрылысын аяқтауға, Алатау және Алмалы аудандарындағы №168 және №10 балабақшаларды қайта жаңғыртуға қаражат бөлінеді. Сонымен қатар, №174 мектепке қосымша құрылыс, №17, №50, №56 және №124 мектептерге сейсмикалық нығайту жұмыстары жүргізіледі.

Мәдениет саласына қосымша 9,4 млрд. теңге бөлініп отыр. Бұл қаржы Сац атындағы театрды қайта жөндеуге, 3 кітапхана мен 3 комьюнити-орталық ашуға жұмсалады.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашы-

лықты дамытуға 17,5 млрд. теңге бөлінеді. «Достық» шағынауданы мен Әуезов ауданында су құбыры желілерінің құрылысы аяқталады, «Тастыбұлақ» пен «Таусамалда» жаңа құрылыс басталады. Түркісіб ауданындағы кәріз тазалау қондырғылары мен сорғы станциялары жаңғыртылады. Электрмен жабдықтау мен көше жарығы жобалары іске асады. «Қайрат» шағынауданында газ тарту жұмыстары жүргізіледі.

Тұрғын үй қорын жаңғырту аясында көпқабатты үйлердің күрделі жөндеуі, өрт

қауіпсіздігі жүйелерін орнату қарастырылған. «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы аясында жеке секторда 100 жаңа қоқыс контейнер алаңы орнатылады. Алтынкөл тоғанын тазалау, қаланың сегіз ауданында 248 үйдің қасбетін жөндеу жоспарланып отыр.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға 13,6 млрд. теңге бағытталады. Саин көшесі бойындағы жанама жол учаскелерінің құрылысы, Ержанов көшесіндегі теміржол арқылы өтетін жаяу жүргінші көпірі аяқталады. «Ерменсай», «Нұрлытау» және «Нұр-Алатау» шағынаудандарында жаңа жолдардың жобасы әзірленеді. Gate City және Ынтымақ шағынаудандарында жаяу жүргінші өткелдерінің жобалары жасалады. Жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында 900 электрondы табло орнату жоспарланған. Сонымен қатар, Алматы әкімдігі жанындағы жобалық кеңсенің қолдауымен зияткерлік көлік жүйесі – ITS енгізіле бастайды. Бұл жүйе бейнебақылау, бағдаршам, автотұрақ пен қоғамдық көлікті біріктіріп, көлік қозғалысын тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

Қанат Сухамбеков баяндама соңында нақтыланған бюджеттің басты мақсаты – шаһардың маңызды мәселелерін шешу, алматылықтардың өмір сапасын жақсарту және қауіпсіз, жайлы қалалық орта қалыптастыру екенін атап өтті.

Сессияда депутаттар 2025 жылға арналған қалалық бюджетті нақтылауды қолдады. Депутат Диана Ерлан атап өткендей, Алматы әлеуметтік бағытты ұстануды жалғастыруда: қаржыландырудың едәуір бөлігі бұрынғысынша халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға жұмсала-тын болады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

САРАПТАМА

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ + ИТАЛИЯ

Рим аймақпен әріптестік орнатуға мүдделі

Өткен аптада Астанада «Орталық Азия – Италия» бірінші саммиті өтті. Жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Италия Премьер-министрі Джорджа Мелони, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты. Италиямен осындай форматтағы кездесу алғаш рет өткендіктен оған сарапшылар тарапынан қызығушылық жоғары. Осыған орай, мақалада жиында сөз сөйлеген басшылардың мәлімдемелерін талдаймыз.

Алты мемлекет: көпжақты қарым-қатынас көкжиегі

Соңғы жылдары жаһандық алып мемлекеттер мен ұйымдардың Орталық Азияға қызығушылығы артты. Бұған 2022 жылғы Еуразиядағы геосаяси дағдарыс түрткі болды. Ірі саяси ойыншылар «Орталық Азия+» форматындағы саммиттер өткізуге ниет білдіруде. Олардың ішінде Қытай, АҚШ, Франция, Германия, Жапония секілді мемлекеттер бар. Енді бұл тізімге Италия да қосылды. Болашақта Үндістан да қосылуы мүмкін.

30 мамырда елордамыз Астанада «Орталық Азия – Италия» форматындағы алғашқы саммит өтті. Саммит қорытындысы бойынша бірлескен декларация қабылданды. Құжатта алты мемлекет көпжақты қарым-қатынастың көкжиегін айқындады. Құжатты талдап мынадай негізгі тұстарына тоқталуға болады:

- Рим Орталық Азия аймағының бірлігі мен тұрақтылығын қолдады. Әсіресе, Италия 2025 жылғы 13 наурызда Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Мемлекеттік шекара туралы шарттың, сондай-ақ Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан арасындағы мемлекеттер шекараларының түйісу нүктесі жөніндегі келісімнің қол қойылуын құптады. Бұл аймағымыз үшін өте маңызды мәлімдеме. Себебі, шекара өте күрделі мәселе.

- Италия жеке мемлекет болғанымен одақтық міндеткерліктерді де ұмытпаған. Яғни Еуропа Одағы мен Орталық Азия арасындағы келісімдер маңыздырақ. Бұдан бөлек, көшбасшылар БҰҰ-ның жетекші халықаралық ұйым екенін мойындаған.



(Дереккөз: Akorda.kz).

- Көшбасшылар екінші саммитті Қырғыз Республикасында 2027 жылы өткізуге ниетті екенін мәлімдеді. Бұдан бөлек, 2026 жылы көктемде Италияда Сыртқы істер министрлерінің Төртінші конференциясын ұйымдастыруға уағдаласқан. Бұл кездесу алдағы саммитке дайындық мәселелерін қамтиды деген сөз.

Астана сауда-экономикалық байланысты нығайтпақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Орталық Азияның бірлігі мен тұрақтылығын жоғары бағалады. Биыл шекара мәселелерінің толық шешімін табуы аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз етуге жасалған нақты қадамға айналды. Бұдан бөлек, Президент Қазақстанның Италиямен ықпалдастық перспективаларын айқындады. Астана мынадай басым бағыттарды ұсынды:

- Сауда-экономикалық байланысты тереңдету басым бағыт болып қала береді. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Италия Қазақстанның негізгі тауар экспорттайтын елі. 2024 жылы қаңтар-шілде аралығында Қазақстан құны 10,8 млрд. АҚШ доллары болатын тауар экспорттаған. Одан кейінгі орындарға Қытай, Ресей, Нидерланды секілді мемлекеттер жайғасқан. Мемлекет басшысы осы қарқынды сақтай отырып Қазақстан Италияға жалпы құны 1 миллиард долларға жуықтайтын тауардың 100-ден аса түрі бойынша экспорт көлемін арттыруға дайын екенін мәлімдеді. Әсіресе, металлургия, маши-

на жасау, мұнай-химия өнеркәсібі өнімдеріне басымдық берілмек.

- Бұдан бөлек, Президент Орталық Азия елдері Еуропаға өздерінің агроөнеркәсіп өнімдерін жеткізуде мол әлеуетке ие екенін мәлімдеді. Бұл екі жаққа да тиімді. Аймақ үшін ЕО үлкен нарық болып саналады.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы энергетика, бірлескен кәсіпорындар құру, экологиялық мәселелерді бірге шешу секілді бастамалар көтерді. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі дамыту мақсатында 2026 жылы «Орталық Азия мен Италияның мәдениет жылы» тақырыбы аясында бірлескен іс-шараларды өткізу ұсынылды.

Аймақ басшылары да әріптестікке мүдделі

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өз сөзінде Италия мен Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси ведомстволары арасындағы тығыз әрі жиі байланысқа аса мән беру керек екенін айтты. Себебі, барлық негізгі мәселелер сыртқы саяси ведомстволар арасында талқыланып шешімін табады. Бұдан бөлек, ол терроризм, экстремизм, радикализм, есірткі сату және заңсыз миграция мәселелерін шешу үшін арнайы қызметтер арасында ақпарат алмасуды жолға қоюды ұсынды. Аталмыш мәселелер шешімін табуы қиын мәселелер. Сондықтан бірлескен қадамдар тиімдірек.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровтың мәлімдемелері Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсыныстарымен үндес. Қырғызстанға да сауда-экономикалық байланыс, Италиядан инвестиция тарту мәселелері басымдыққа ие.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Италиямен қарым-қатынаста энергетика, су ресурстары, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, білім және ғылым салаларына басымдық берілетінін мәлімдеді. Сондай-ақ, Душанбе үшін сауда-экономикалық байланыс негізгі бағыттардың бірі екенін айтты.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов өз сөзінде жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселесіне мән берді. Жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде БҰҰ-ның рөлін жоғары бағалады. Ал аймақтық тұрғыдан Ауғанстан мәселесіне алаңдайтыны байқалды.

Қорытындылай келе, «Орталық Азия+» форматына қызығушы мемлекеттердің саны артып келе жатқанын атап өткіміз келеді. Италиямен байланыс стратегиялық сипат алуы мүмкін. Ол үшін мұндай кездесулер жиі өтуі керек.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

Кәсіптік білім беру:

ҚАЛА КОЛЛЕДЖДЕРІ

нарыққа қажет түлектерді тәрбиелеуге қауқарлы ма?

Колледж – бұл қоғамға қажетті мамандарды дайындайтын оқу орны. Алайда, көп жылдар бойы елімізде колледждер мектеп пен университет арасындағы өтпелі мекеме ретінде ғана қаралып жүрді. Ал жұмыс берушілер колледж дипломын жұмысқа алу үшін қанағат тұтқан жоқ.

Досбол
АТАЖАН

Дегенмен, қазіргі уақытта бұл оқу орындарына деген көзқарас өзгеріп келеді. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың берген тапсырмасы да түрткі болғаны сөзсіз. Президент 2022 жылы 1 қыркүйектегі Жолдауында колледждердің еңбек нарығына бейімделуі керек екенін айтты. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы 2024 жылғы Жолдауында тағы да тоқталды.

«Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс. Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам», – деген еді Президент.

Жалпы, Қазақстан бойынша техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері, яғни колледждер ең көп шоғырланған өңір – Алматы қаласы. Қалалық білім басқармасының мәліметінше, мегаполисте жалпы 88 оқу орны бар, оның 22-сі – мемлекеттік, 66-сы – жекеменшік. Бұл нарыққа қажетті мамандарды дайындауда қала колледждерінің ерекше салмағы бар екенін және жауапкершілігі әлдеқайда



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жоғары екенін көрсетеді. Осыған байланысты Алматы қаласының Білім басқармасын қалалық колледж түлектерінің кейінгі жылдары жұмыс берушілердің көңілінен шығып, қаншалықты жұмысқа орналасып жүргені жайлы сұрау салдық.

Ресми мәліметке сәйкес, 2020-2021 оқу жылында Алматыда колледждерді 17 828 білікті маман бітірді. Жұмысқа орналасқан және жұмыспен қамтылған бітірушілер саны – 16 758 адам болған. Оның ішінде 11 901 бітіруші тұрақты жұмысқа орналасса, 4857 адам жұмыспен қамтылған. Атап айтқанда, 3265 адам ЖОО-ға түсті, 448 адам колледжге қайта түсті, 625 адам әскерге шақырылды, 408 адам бала күтіміне байланысты декреттік демалыста, 111 адам шетелге кеткен.

2021-2022 оқу жылында колледждерді 19623 білікті маман бітірді. Жұмысқа орналасқан және жұмыспен қамтылған бітірушілер саны – 18 445 адам. Оның ішінде 13 836 бітіруші жұмысқа

орналасқан, 4609 адам жұмыспен қамтылған: 3165 адам ЖОО-ға түсті, 527 адам колледжге қайта түсті, 520 адам әскерге шақырылды, 285 адам бала күтіміне байланысты декреттік демалыста, 112 адам шетелге кеткен. 2022-2023 оқу жылында колледждерді 20 740 білікті маман бітірді. Жұмысқа орналасқан және жұмыспен қамтылған бітірушілер саны 19 538 адам, яғни 94,2 пайыз. Оның ішінде 15 240 бітіруші жұмысқа орналасқан, 4298 адам жұмыспен қамтылған. 3294 адам ЖОО-ға түсті, 295 адам колледжге қайта түсті, 356 адам әскерге шақырылды, 225 адам бала күтіміне байланысты декреттік демалыста, 128 адам шетелге кеткен.

2023-2024 оқу жылында колледждерді 23 429 білікті маман бітірсе, 22 117 адам жұмысқа орналасқан немесе жұмыспен қамтылған. Бұл түлектердің 94,4 пайызы. 17 020 бітіруші жұмысқа орналасқан. Ал 5097 адам жұмыспен қамтылған. Атап айтқанда: 3642 адам ЖОО-ға түсті, 460 адам колледжге қайта түсті, 556 адам әскерге шақырылды, 296 адам бала күтіміне байланысты декреттік демалыста, 143 адам шетелге кеткен.

Білім басқармасы ұсынған деректерді зерделей келе қалалық колледждердің түлектерінің басым бөлігі нарық сұранысына бейімделіп, «екі қолға бір күрек» таба алғанын байқаймыз. Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі мұндай позитивті өзгеріске байланысты колледж директорларының пікірін білген едік.


ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Темірбек РАХМАНОВ,
Алматы автомеханика
колледжінің директоры:

Жоғары білікті
мамандар даярланады

Алматы автомеханика колледжі – қаладағы техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы жетекші оқу орны. Колледж автомобиль көлігіне қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану саласында жоғары білікті мамандар даярлайды. Қазіргі кезде 782 студент білім алып жатыр, оның ішінде 300 түлек бітіреді. Алматы қаласында жұмысшы мамандықтары бойынша автокөлік, дәнекерлеу ісі салаларындағы мамандықтар қазіргі уақытта жоғары сұранысқа ие. Бұл мамандықтар еңбек нарығында тұрақты жұмыс орындары мен жақсы жалақы ұсынады. Колледж студенттері жұмыс берушілердің талаптарына сай болуы үшін оқу барысында өндірістік тәжірибеден өтеді. Тәжірибе жұмыс берушілермен тығыз байланыста ұйымдастырылады, нәтижесінде студенттер оқу аяқталған соң жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Колледж бен жергілікті кәсіпорындар арасында әлеуметтік әріптестік туралы меморандумға қол қойылған, бұл студенттерге тәжірибеден өту және жұмысқа орналасу мүмкіндігін береді. Колледж білім алушыларды ақпараттық жәрмеңкелерге, бос жұмыс орындар жәрмеңкесіне қатысуын қамтиды. Одан басқа, әлеуметтік серіктестіктермен «дөңгелек үстел» ұйымдастырылады, мамандық бойынша аймақтық чемпионатқа және біліктілік емтиханына комиссия мүшесі ретінде қатысады. Колледждің «Mitsubishi центр юг» ЖШС, «Lexus Center Almaty» ЖШС, «Toyota Service Zhetysay» ЖШС, Allur Auto Centre» ЖШС, «Алматинский завод тяжелого машиностроение» АҚ, «Nissan Centre» ЖШС сияқты компаниялармен байланысы бар.



МАМАН ПІКІРІ

Сейтбек СҮЛЕЙМЕНОВ,
Алматы жолаушылар көлігі және технологиялар колледжінің директоры:

Сұранысқа ие мамандықтар көп



Колледждің негізгі бағыты жұмысшы мамандарын даярлау болғандықтан, 6 мамандық негізінде – «Электржабдықтары», «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық іс», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Тігін өндірісі және киім дизайны», «Шаштараз өнері» бойынша қазақ және орыс тілінде, күндізгі және сырттай оқу нысанында мамандар дайындайды. Қазіргі таңда жұмыс берушілер тарапынан сұраныс жоғары мамандар тізімі еңбек нарығының өзгерістеріне, технологиялық даму мен экономикалық басымдықтарға байланысты қалыптасып отыр. Мамандықтар арасында автомеханиктер мен автослесарьлар, жолкөлік қозғалысын ұйымдастыру мамандары, электротехник және техник-механиктер, жоғары санатты автобус, жүк көлігі жүргізушілері сұранысқа ие.

Түлектеріміздің бірден жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету үшін бірнеше бағыттағы іс-шаралар мен қызметтер атқарылып жатыр. Біріншісі, өндірістік тәжірибе. Студенттерге оқу барысында өндірістік тәжірибеге қатысу мүмкіндігі беріледі. Екінші, жұмыс берушілермен тікелей байланыс. Колледж өндіріс орындары мен компаниялармен тұрақты өзара әрекеттестік орнатып, түлектерді тікелей жұмыс берушілердің назарына ұсыну үшін әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Одан бөлек, түлектердің біліктілігін арттыру және нарық талаптарына сай етіп қалыптастыру мақсатында қосымша курстар өткізіледі. Сонымен қатар, оқу орны түлектерге жұмысқа орналасу мәселелерінде жеке-жеке кеңестер береді, түйіндемелерді әзірлеу мен сұхбаттасу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Осы іс-шаралар нәтижесінде түлектер оқуды тәмамдаған соң бірден еңбек нарығына бейімделіп, кәсіби қызметке кірісуге мүмкіндік алады. Колледждің серіктес компаниялары мен ұйымдары қатарында «Алматыэлектротранс» ЖШС, «Алматы көлік холдингі», «АлматыЭнергоСервис» ЖШС, «КазФерроС-таль» ЖШС және Kia, Toyota, Chevrolet, Nissan, Volkswagen автосалондарының техникалық қызмет көрсету бөлімдері бар.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

● ФЛЕШМОБ

«МЕН ЕЛІМНІҢ
ЕРТЕҢІМІН!»

Алматыдағы Оқушылар сарайында Мемлекеттік рәміздер күні құрметіне «Мен елімнің ертеңімін!» атты арнайы флешмоб ұйымдастырылды.

● ІС-ШАРА



МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕР –
ел тәуелсіздігінің символы

4 маусым – рәміздер күніне орай №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінің ұжымы «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы» тақырыбында ауқымды іс-шара өткізді.

Іс-шара барысында оқытушылар мен студенттер бір мезетте Әнұран орындады. Мерекелік іс-шараға 500-ден астам студент қатысты.

Аталмыш жиынның мақсаты – жас ұрпақты елжандылыққа, патриоттыққа, Отанға деген сүйіспеншілік пен мемлекеттік рәміздерімізге деген құрметті қалыптастыруға бағытталды. Осы бағытта ой айтылып, жиын мерекелік концертпен аяқталды.

Мемлекеттік рәміздер – еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін айшықтайтын ізгі нышандар. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгіні мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болу үшін еліміздің символы – мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, құрметтеу бәріміздің міндетіміз, парызымыз.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мағишат МЕНДІҒАЗИЕВА,
колледж директоры:

Басты құндылығымыз

Ту, Елтаңба және Әнұран – біздің мемлекетіміздің көп ғасырлық тарихының, жауынгерлік жеңістері мен ауқымды жетістіктерінің көрінісі. Мемлекеттік рәміздер дегеніңіз біздің басты құндылығымыз. Бұл рәміздер әлі талай ұрпақтың мақтанышына айналып, көптеген буынның ұрпағын біріктіреді.

Отанға сүйіспеншілік, тарих пен тілімізге, мәдениетіміз бен дәстүрлерімізге құрмет ретінде қызмет етеді. Біз осынау іс-шара барысында жастарымыздың Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайтып, Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тарихын білуге тәрбиелеп отырмыз.

Рая ЕСКЕНДІР.

● ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

ӘКЕ ЖОЛЫ – ІЗГІЛІК ЖОЛЫ

Алматыда Қоғамдық Адаму орталығының қолдауымен қоғам мен отбасы арасындағы алтын көпірге айналар «Әке жолы – ізгі жол» әлеуметтік жобасы ұйымдастырылды.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл бастама отбасы институтын нығайтуға, ұрпақтар сабақтастығын сақтап, жастар бойында патриотизм мен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған. Жоба аясында өткізілген іс-шараға қатысып, әкелер мен ұлдар арасындағы ерекше байланысты көзбен көріп, жүрекпен сезіндік. «Әке – асқар тау» деген сөздің астары бұл күні өзгеше ашылды.

Жобаның алғашқы кезеңі – дене шынықтыруға бағытталған спорттық сайысқа арналды. Бұл бөлімде әкелер балаларымен бірге түрлі кедергілерден өтіп, жылдамдық пен төзімділікке арналған тапсырмаларды орындады. Қатысушылар біраз тер төккенімен, бұл сәттер әке мен баланың арасындағы жылылық пен сенімді, бір-біріне тірек бола білуді анық көрсетті. Байқағанымыз, ұлдарына бағытбағдар беріп, бірге жүрген әр әкенің көзінде мақтаныш, ал балалардың жанарында сенім мен ынта ұшқыны көрініп тұрды.

Екінші кезеңде қатысушылар сұрақ-жауап сайысына қатысты. Бұл бөлімде қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы түрлі сауалдар қойылды. Тапқырлық пен білім сынға түскен бұл кезеңнен де әке мен баланың бір-біріне деген қолдауы арқасында барлық топ сәтті өтті.

Соңғы кезең – ұлттық ойындар кезеңі болды. Мұнда қатысушылар асық ату, арқан тарту, сияқты қазақтың көне ойын түрлерін орындап, мергендік пен ептілікте бақ сынасты. Бұл бөлім жобаның тек жарыс қана емес, ұлт дәстүрін дәріптеуші құрал екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Іс-шара соңында үздіктер, қатысушылар диплом, Алғыс хаттар мен марапатталды. Кейбір белсенді әкелер мен ұлдарға ақшалай сыйлықтар да табысталды. Бірақ бұл күні марапаттан да маңыздысы – отбасылық бірлік пен әке мен баланың арасындағы қарым-қатынастың күшеюі еді. «Әке жолы – ізгі жол» жобасы – қазіргі қоғамға ауадай қажет бастама. Өйткені, отбасының берік болуы – ұлттың мызғымастығы. Ал сол отбасының тірегі – сөзсіз, әке!

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Берік ҚҰСАЙЫНОВ,
жобаға қатысушы әке:

Жобаның берер пайдасы көп

Жарыс өтетіні туралы естіген бойда, ұлым екеуіміз дайындықты бастап кеттік. Жобаның берер пайдасы көп: бір жағынан – салауатты өмір салтын насихаттаса, екінші жағынан – ұлыма қолдау көрсетуге жақсы мүмкіндік. «Жігітке жеті өнер де аз» дейді ғой, біз де әр кезеңнен сүрінбей өтіп, бірге үлкен тәжірибе жинадық деп айта аламын.

Рамазан БЕРІКҰЛЫ,
қатысушы бала:

Керемет бастама

Бұл жобаны ең керемет бастамалардың бірі дер едім. Себебі, ол әке мен бала арасындағы байланысты нығайтып, бірлік пен өзара сенімге бастайды. Мұндай жарыстар маған өте қызықты. Әкем екеуіміз осындай іс-шараларға жиі қатысуға тырысамыз. Әкем әрдайым маған қолдау білдіріп, «алдыға ұмтыл» деп жігер беріп отырды.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛА!»

Аналар кеңесі жан жылуына толы ерекше іс-шара ұйымдастырды

Мерекелік кешке Алматы қаласындағы Балаларды қолдау орталығының 48 тәрбиеленушісі қатысты. Балалар үшін бұл күн ерекше есте қаларлықтай болары сөзсіз. Тәттілер мен шырыннан дәм татып, балмұздақ жеп, шат-шадыман күй кешкен бүлдіршіндер одан кейін «Naluk IMAX Kinopark 16» кинотеатрында қызықты мультфильм тамашалады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Балаларға қуаныш сыйла» атты бұл қайырымдылық жобасы аясында өмірлік қиын жағдайға тап болған бүлдіршіндерге арналған іс-шараны Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі ұйымдастырды. Мақсат – тағдыр тауқыметін ерте сезінген балалардың жүзінде шаттық күлкі ойнатып, оларға мейірім мен қамқорлықты сезіндіру.

– Балаларға қуаныш сыйлағымыз келеді. Ассамблея жанындағы Аналар кеңесі әрдайым осындай игі істердің бастамашысы, бұл біздің дәстүрлі іс-шарамыз. Балаларға тәттілер, балмұздақ, чипсы, бургерлер тараттық. Киносеанстан кейін де арнайы ас мәзіріміз бар, – дейді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының өкілі, Аналар кеңесінің кураторы Балажан Ардабаева.

Оның айтуынша, Аналар кеңесі түрлі әлеуметтік мекемелермен, балалар үйімен байланыста жұмыс істеп келеді. Бүгінгі іс-шараға кинотеатр басшылығы демеушілік жасап, балалар үшін есігін айқара ашты. Балалармен бірге келген №1 арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін мемлекеттік орталықтың педагог-психологы Бостангүл Садирова мұндай іс-шаралардың тәрбиелік әрі психологиялық маңызы зор екенін айтты:

– Бүгін балалар үшін нағыз мереке болды. Каникул уақыты басталған соң, лагерь аясында оларды сергітіп, қуантқымыз келді. Бізге жыл сайын Аналар кеңесі қолдау білдіреді. Кинотеатрға апарып, дастархан жайып, балғындарға қуаныш сыйлау – үлкен қайырымдылық. Біздің орталықта түрлі статустағы балалар бар – жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар немесе отбасында қиын жағдайға тап болғандар. Балалар осында шамамен 6 айдай тұрады. Кейін олардың тағдыры сот арқылы шешіледі. Орталық тәулік бойы жұмыс істейді, балаларды бізге негізінен полиция мен қамқоршылық органдары алып келеді, – деді ол.

• Бұл іс-шара – тек балаларды қуантудың ғана емес, қоғамдағы жауапкершілік пен жанашырлықты арттырудың да көрінісі. Ата-ананың қамқорлығынсыз немесе қиын жағдайға тап болған баланың әр күні – сынақ. Ал осындай күндері оларға мейірім мен қамқорлықты сезіндіру – нағыз азаматтық ұстаным. «Балаларға қуаныш сыйла» жобасы – жүрекке жылу сыйлаған бастама ретінде есте қалары сөзсіз.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ЖУРНАЛИСТ ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

Ішкі істер жүйесінде тағы бір маңызды құрылым бар. Ол – кәмелет жасына толмаған балалардың құқығын қорғайтын ювеналды полиция қызметі. Бұл бөлімнің ең басты міндеті – жаңа туған сәбиден бастап, 18 жасқа дейінгі балалардың құқығын қорғау. Жаз қалай басталды, оның аптабымен бірге ювеналды полицияның да қызметі қайнайды. Тәртіп сақшыларының қызметімен танысып, олардың бір түні қалай өтетінін білу үшін Алатау аудандық Ювеналды полиция бөлімінің инспекторларымен бірге түнгі рейдке шықтық.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Полиция бөлімшесіне бас сұққан сәтте-ақ қауырт жұмыстың үстінен түстік. Инспекторлардың бірі арыз-шағым қабылдап жатса, енді бірі тұрғындармен әңгімелесуде. Құжат толтырып, рейд алдында міндетін пысықтап жатқандарын да байқадық. Сол қарбаластың арасында полиция аға лейтенанты Айза Нұрбек бізді қарсы алып, түнгі рейд жайлы қысқаша ақпарат берді. Одан соң бөлімшенің ішкі тәртібімен таныстырып, ювеналды полиция қызметінің негізгі бағыттарын түсіндіріп өтті. Рейдке шықпас бұрын қызметтің ішкі тыныс-тіршілігімен жақынырақ танысып алдық.

Алатау ауданында 130 мыңға жуық кәмелетке толмаған бала тіркелген. Олардың әрқайсысының денсаулығы, қауіпсіздігі және іс-әрекеті үшін ювеналды полиция қызметкерлері жауапты. Аудан бойынша 16 тірек пункті бар. Аудандық полиция басқармасында штат бойынша 24 полиция инспекторы қызмет етеді.

Түнгі рейдтің басты мақсаты – сағат 22.00-ден кейін ата-анасының немесе заңды өкілінің қарауынсыз көшеде жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау. Полицейлер көшеде жолыққан балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ата-аналарымен сөйлесіп, жауапкершіліктің маңызын еске салады.

ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

Сағат 22.00 «Дархан» ықшамауданында орналасқан полиция бөлімшесінен шығып, жақында ғана ашылған компьютер клубына қарай бет алдық. Жанымызда полиция майоры Темірбек Халмырзаев, полиция инспекторлары – Айза Нұрбек пен Сұлтан Ишмұхамед бар. Олар күндізгі уақытта да, кешкі және түнгі рейдтерде де қоғамдық орындарды, ойын-сауық нысандарын, компьютер клубтары мен сауда орталықтарын аралап, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін басты назарда ұстайды. Ал басқа тәртіп сақшылары да өзіне жүктелген аумақты тексеруге аттанды. Алдымен бірнеше компьютер клубын аралап шықтық. Түнгі уақытта балаларға мұндай орындарда жүруіне тыйым салынған.

9 ЖАСАР БАЛА КЛУБТА ОТЫР...

Сағат 22.17 Бірнеше клубқа кірдік. Бірінен кәмелетке толмаған баланы анықтадық. Тоғыз жастағы жеткіншектің жанында заңды өкілі болмады. Заңға сәйкес, клуб әкімшілігі де, баланың заңды өкілдері де жауап беруге тиіс. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабы бойынша сағат 22.00-ден кейін кәмелетке толмаған балалар заңды өкілінсіз қоғамдық орындарда, әсіресе, ойын-сауық мекемелерінде жүрмеуі керек. Полицейлер баланың заңды өкілі, яғни анасы келгенше клубтың иесіне хабарласып, мән-жайды баяндады. Түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, клуб әкімшілігіне хаттама толтырды.

Тоғыздағы баланың анасы ересектерге банкке барып-келгенше қарап қоюын өтінген. Тексеру барысында ол кісіге бұған дейін де ескерту жасалғаны белгілі болды. ҚР Әкімшілік кодексінің 442-бабының 2-тармағы бойынша 23.00-ден кейін баланың жалғыз жүргені үшін ескерту берілген.

Ойын клубының иесін шақырып, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 132-бабының 1-тармағына сәйкес әкімшілік хаттама

БАЛАҢЫЗ НЕГЕ БЕЙУАҚЫТ
КӨШЕ КЕЗІП ЖҮР?Ювеналды полиция инспекторының қызметтік
бір түні қалай өтеді?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айза НҰРБЕК,
Алатау аудандық Полиция басқармасының
Жергілікті полиция қызметі бөлімінің
ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік
инспекторы, полиция аға лейтенанты:

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ТАПТАУҒА
БОЛМАЙДЫ

Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандар арасындағы жиі кездесетін құқық бұзушылықтар – бұзақылық, әлімжеттік, ашу үстінде дене жарақатын салу. Сонымен қатар, отбасындағы кикілжіңдерден кейін үйден кетіп қалу оқиғалары да жиі кездеседі.

Алатау ауданында 60-тан астам бала ювеналды полицияның профилактикалық есебінде тұр. Есепке қылмыс жасаған немесе бірнеше мәрте құқық бұзған, сабақтан жиі қалатын, үйден себепсіз кетіп қалатын балалар алынады. Бұйрық бойынша айына екі рет тексерілуі керек. Негізінде қылмысты көбіне 15–18 аралығындағы жасөспірімдер жасайды. Біз өз қызметімізде бір жағынан психолог, бір жағынан педагог, тіпті дос та болуымыз керек. Жас шамалары әртүрлі, психологиялық және отбасылық жағдайлары да әртүрлі. Біреуге жәй айтып түсіндіресің, біреуге қаттырақ айту керек болады. Бірақ қандай жағдайда да бірінші кезекте адамгершілікке сүйенеміз. Түсіндірміз, ескертеміз. Ол уақытта ешкім баланы жазаламайды, ұрмайды. Себебі, бала да – тұлға. Ешкімге ешкімнің құқығын таптауға жол жоқ.

сылтаумен балаларын түнде сыртқа шығарып жібереді. Мұндай сәттерде балалар ұсталып жатады. Бұл – ата-ананың тікелей жауапкершілігі. Кейбірі «ағасы немесе әпкесімен жүр» дейді. Олар заңды өкіл болып саналмайды. Бала құқығы туралы заңға сәйкес, заңды өкілі – әке-шешесі. Ерекше жағдайларда – сот шешімімен немесе қамқоршылық органы арқылы ресми бекітілген қамқоршы ғана заңды өкіл болып есептеледі. Егер ата-анасы басқа қалада болса, онда балаға қарайтын адамға «Мен баламның қауіпсіздігін осы адамға сеніп тапсырамын» деген мазмұнда нотариалды сенімхат жазып беруі керек. Тек сонда ғана ол ресми заңды өкіл болып есептеледі», – дейді тәртіп сақшысы.

Егер бала түнгі уақытта сыртта жүрсе, ӘҚБтК-нің 442-бабы бойынша ескерту беріледі. Қайталанса, 3-тармаққа сәйкес айыппұл салынады. Қыздардың жүрген уақыты мен орындары ескеріліп, заң аясында шара қабылданды.

P.S. Алматы түні сырт көзге тыныш көрінгенімен, бақылауды қажет ететін орындар аз емес. Бір-екі сағаттың ішінде түрлі жағдайға куә болдық. Қоғамдық тәртіпке бағынбай, полицияға қарсы дауыс көтергендер де кездесті. Инспекторлар әр баламен жеке сөйлесіп, түсіндіру жұмыстарын сабырмен жүргізді. Түн ортасы ауып кеткенімен, тәртіп сақшыларының жұмысы тоқтамайды. Біз үйге қайттық, ал олардың қызметі таңға дейін жалғасады...

толтырылды. Нысан басшысына айыппұл салынды. «Дархан» ықшамауданында балалардың түнгі уақытта жалғыз жүруі жиі кездеседі екен.

Баланың анасы мұндай заң барын білмегенін айтып, салынған айыппұлды төлеуден бас тартты. Алайда, заңды білмеу – жауапкершіліктен босатпайды.

«Кейде түнгі рейд кезінде ата-аналар бізге ренжіп жатады. «Неге балама ескерту жасадыңдар?», «Неге шақырдыңдар?» деп ашуланатындар да болады. Бірақ бәріміздің көздегеніміз – баланың амандығы. Түнгі тәртіп сол үшін керек. Ата-анасының қадағалауынсыз жүрген әр баланың үйге аман-есен жеткенін қалаймыз. Жұмысымызға түсіністікпен қарап, тәртіпке ортақ жауапкершілікпен қараған дұрыс», – дейді полиция майоры Темірбек Халмырзаев.

САН ҚЫРЛЫ ҚЫЗМЕТ

Сағат 23.02 Екінші бағыт – «Өжет» ықшамауданы. Компьютер клубында құжаты жоқ Өзбекстан азаматы отырды. Учаскелік инспекторлар тексеріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Айта кетерлігі, осы жерде байқағанымыз, полиция қызметкерлері тек кәмелетке толмаған балалармен ғана емес, қалада рұқсатсыз жүрген шетел азаматтарын анықтау жұмысын қатар атқарады. Бұл – олардың күнделікті қызметінің бір бөлігіне айналған. Осы жолы да клубта болғандардың құжаты мұқият тексерілді.

ШЕТЕЛДІКТЕР ДЕ ТӘРТІП БҰЗАДЫ

Сағат 23.20 Келесі нысан – «Қарасу» ықшамауданындағы компьютер ойын клубы. Бұл жерден тәртіп сақшылары елде жүру мерзімі аяқталған Тәжікстан азаматтарын анықтады. Құжаттары тексеріліп, көші-қон талаптарының бұзылғаны белгілі болды. Полиция қызметкерлері оларға еліміздегі көші-қон заңнамаларын түсіндіріп, қажетті құжат рәсімделгенге дейін полиция бөлімшесіне жеткізді.

Алатау ауданы – криминогендік ахуалы күрделі аудандардың бірі. Ең үлкен ауданның контингенті де әртүрлі. Жалға берілетін үйлер көп. Сол үшін де тұрғындар жиі ауысып отырады. Көпшілігінің тұрақты мекенжайы жоқ. Сырт жақтан келетіндер де көп. Тіпті, шетелден келетіндер көбіне пәтерді осы ауданнан жалдайды.

ЗАҢДЫ ӨКІЛ – АТА-АНА

Сағат 23.35 Рейд барысында полиция қызметкерлері көшеде жүрген екі қызды байқап қалды. Тексере келе олардың бірі кәмелетке толмаған болып шықты.

«Ата-аналар «үйдің алдында жүр», «жақын маңдағы дүкенге жібердім», «курьерден зат алып жатыр» деген

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

ЖАС САҚШЫЛАР

полиция қызметін атқарды

Балаларға отбасында, мектепте және қоғамда ақаусыз тәлім-тәрбие беру, қауіпсіз орта ұйымдастыру және олардың тұлғалық қалыптасуына жағдай жасау – тұтас қоғам атқаратын ортақ міндеттер. Сондықтан да Балаларды қорғау күні аясында қаладағы білім беру мекемелерінде балалардың құқықтық сауатын арттыру, қауіпсіздік мәселелеріне көңіл аударту мақсатында маңызды іс-шаралар өтті.



Бостандық ауданындағы №70 мектеп балалардың құқықтық танымын тереңдету ісін қызықты сайыс түрінде ұйымдастырды. «Балалар қауіпсіздігі – басты назарда» деп аталатын квест-сайысына түрлі сынып оқушылары қатысып, құқық пен қауіпсіздік және тәртіп тақырыптарында өз білімдерін көрсетті.

Оқушылар сайыс барысында өздерін полиция өкілдері ретінде сезінді, қауіпсіздік пен тәртіптің, қоғам тыныштығының маңызды кепілдерін, құқықтық тақырыптарды талқылады. Полицей формасын киген оқушылар өздерін қоғамдық тәртіп сақшыларының қызметін атқарды.

Балаларға заң мен тәртіпті, түрлі ортадағы қауіпсіздік мәселелерін түсіндіруде өзара ақыл-ой сайысы форматын қолданудың нәтижесі жоғары деп санайды мектеп ұжымы. Мектептегі бұл маңызды іс-шараға ювеналды полиция өкілдері де қатысып, сайыскерлер жұмысын бағалады және жеңімпаздарды марапаттады.

Педагогикалық ұжымының басты міндеті – әрбір баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ол үшін кешенді тәсіл қажеттігі айтылды, сонымен қатар, оқушылармен және олардың ата-аналарымен де осы бағдарда тыңғылықты жұмыстар жүргізілуі тиіс.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зәуреш БЕЙСЕМБАЕВА,
№70 мектеп директоры:

Жауапкершілік жүктейді

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында мектеп Бостандық ауданының ПБ-мен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Олар 6 «ә» сынып оқушыларынан құралған «Жас сақшы» тобын ұйымдастырды. Биылғы оқу жылы барысында мектеп инспекторлары үлкен жұмыс атқарды. «Жас сақшы» тобының оқушылары бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жүргізіп, оларды сабақтан қалмауға, кешікпеуге, мектеп ережелеріне бағынуға, қауіпті заттарды әкелмеуге, мектеп мүлкін сақтауға, мектеп оқушылары мен қызметкерлерін құрметтеуге үйретеді. Балалардың полицей формасын киюі – өз алдына, оларға полицей бейнесіне сай болуға деген жауапкершілік жүктейді.

Дина ОЖАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«Жас сақшы» тобының жетекшісі:

Маңызды тәрбиелік жоба

«Жас сақшы» тобына жетекшілік ету маған осы оқу жылының қыркүйек айынан бастап жүктелді. Бұл бастама – республика деңгейінде қолға алынған, ел көлемінде жүргізіліп жатқан маңызды тәрбиелік жоба. Біздің Бостандық ауданында бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. «Жас сақшы» тобының негізгі мақсаты – оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу, қоғам мен мектептегі тәртіп ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар, балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың қауіпсіздік дағдыларын күшейту көзделген. «Жас сақшы» тобы жыл бойы түрлі іс-шаралар өткізді. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері келіп, жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері бойынша арнайы сабақтар жүргізді. Аудандық және қалалық деңгейде ұйымдастырылған бірқатар іс-шараларға қатыстық. Соның нәтижесінде балалар көптеген маңызды ақпараттар алды. Біз «Жас сақшы» тобы арқылы өскелең ұрпаққа ел тыныштығы мен қоғамдық тәртіптің маңызын түсіндіру жолындағы жүйелі жұмысымызды әлі де жалғастыра береміз. Әрине, мұндай игі бастамалар жалғасын тауып, нақты нәтижелер берсе, бұл – біздің еңбегіміздің жемісі деп білемін.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

Соңғы жылдары мектеп оқушыларының жазғы демалысына кеңінен көңіл бөлініп, барлық жағдай жасалып жатыр. Өйткені, жазғы демалыс баланың тұлғалық тұрғыда өсіп, дамитын кезеңі. Әрі бұл кезде баланың бойы ғана емес, ой-өрісі де дамиды. Осы кезде оңы мен солын, қысқасы өмірді тереңірек танып, болашаққа қадам жасайтын мезгілі. Сондықтан да жазғы демалыс маусымын пайдалы әрі қызықты етіп өткізу – әр балаға берілетін мүмкіндік.

Міне, оқу жылы аяқтала сала, Бостандық ауданындағы «М.Мақатаев атындағы №140 гимназия» жанынан ашылған «Балдәурен» жазғы лагері өз жұмысын бастап та кетті. Мектеп оқушылары үшін жазғы демалыстың қызыққа, шаттыққа толы күндері басталды.

Жалпы, жазғы демалысты әрбір бала асыға тосатын болса, олардың ата-анасы үшін бұл басты мәселе екені анық. Өйткені, кез келген ата-ана баласының қауіпсіз ортада, сенімді тәрбиешілердің бақылауында демалғанын қалайды. Осы тұрғыда мектеп жанынан ашылып отырған «Балдәурен» жазғы лагері – нағыз сенімді орта.

Лагерь бағдарламасы таңғы жаттығумен басталып, шығармашылық үйірмелер, театрландырылған қойылымдар, спорттық жарыстар, танымдық сағаттар, мәдени орындарға саяхат, қысқасы барлығы дерлік балалардың уақытын мазмұнды өткізуге бағытталған.

Аталмыш лагерьдің ашылу салтанатында гимназия директоры Сәния Өскенбайқызы сөз алып, лагерьдің санитарлық-гигиеналық талапқа сай жасақталғанын тілге тиек ете келе, ең басты мәселе – балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығы екенін қадап айтты. Осыдан соң тәрбиеші-ұстаздар да шәкірттерінің демалысының қызықты өтуіне тілектестігін білдірді.

Бұл күні гимназия әкімшілігі тарапынан тегін балмұздақ таратылды. Түрлі-түсті шарлармен безендірілген алаңда балалар ән салып, би биледі, ұлттық ойындар ойнап, спорттық сайыста күш сынасты. Балалар үшін жазғы демалыс басталып кетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле НҰРТАЕВА,
М. Мақатаев атындағы
№140 гимназия директорының оқу ісі
жөніндегі орынбасары:

Шаттыққа толы
демалыс орны

Биыл «Балдәурен» лагері оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, олардың тұлғалық дамуына ықпал ететін көптеген жаңа жобалармен толығып отыр. Мәселен, әрбір күннің өзіндік тақырыбы, дәйексөзі, мерекесі бар. Бұл – балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын, топпен жұмыс істеу дағдысын дамытуға арналған тың әдіс. Ата-аналар да лагерь жұмысына зор сенім білдіріп отыр.

Өйткені, бұл – қоршаған ортаны танып-білу, достар табу, өз қабілеттерін ашу алаңы. Лагерьге қабылданған әрбір оқушының денсаулығы алдын ала тексеріледі.

Күнделікті медициналық бақылау жүргізіледі, арнайы медицина қызметкері де тұрақты түрде жұмыс істейді. Тамақтану жүйесі де санитарлық нормаларға сай ұйымдастырылған. Балалар үнемі тәрбиешілер мен жетекшілердің бақылауында болады. Аумаққа бейнебақылау орнатылған, кіру мен шығу арнайы журнал арқылы тіркеледі. Барлық топ жетекшілері мен қызметкерлер қауіпсіздік техникасы және алғашқы көмек көрсету бойынша нұсқаулықпен танысып шықты.

Сонымен қатар, лагерь аумағында өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібі нақты жоспарланып, жаттығулар өткізіледі. Біз үшін әрбір баланың амандығы мен жайлы жағдайы – ең маңызды міндет. Сондықтан «Балдәурен» лагері – ата-ана үшін ең қажетті, ал бала үшін шаттық пен қызыққа толы демалыс орны.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



«Қазақстан балалары» бағдарламасы:



(Сурет: РСК).

Шаһарда балалардың қауіпсіздігіне арналған 183 түрлі іс-шара ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастамасымен өткен бұл іс-шаралардың мақсаты – балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, оларды төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету, сондай-ақ өрт сөндіруші мен құтқарушы мамандығына деген құрметті арттыру. ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының орынбасары **Еркебұлан ЖҰМАТАЕВТЫҢ** айтуынша, жалпы қала бойынша 183 түрлі іс-шара ұйымдастырылып, оған мыңдаған бала мен ата-ана тартылған. Бұл кешенді жұмыстар Ел Президентінің Ұлттық құрылтайда айтқан «Қазақстан балалары» бағдарламасын әзірлеу жөніндегі тапсырмасына сай жүзеге асырылған.

Ақпараттық жұмыс және қоғамдық қамту

Балалар мен ата-аналарды қамтитын ақпараттық бағыт та назардан тыс қалған

ТЕОРИЯ мен ТӘЖІРИБЕ өмірге қажетті дағдыларға баулиды

жоқ. Қоғамдық орындарда, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жарияланған 724 ақпараттық материал арқылы 15 мыңға жуық адам қамтылған. Бұл мәліметтер тұрғындардың қауіпсіздік мәселесіне деген назарын арттыруда маңызды рөл атқарғанын көрсетеді.

28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында өткен ең ірі іс-шаралардың бірі – балалар мен құтқарушылар арасында байланыс орнатудың жарқын үлгісі болды. Медеу ауданы әкімдігі, Республикалық жедел-құтқару жасағы және ҚР ТЖМ Төтенше медицина орталығының қолдауымен ұйымдастырылған бұл мерекелік жиынға 500-ден астам бала қатысты. Іс-шара аясында балаларға өрт сөндіру және құтқару техникалары көрсетіліп, кинологиялық қызметтің жұмысымен таныстырылды. Арнайы ұйымдастырылған шеберлік сабақтары арқылы олар алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуация ережелері мен төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер туралы мол мағлұмат алды. Сонымен қатар, балалардың шығармашылығын дамыту мақсатында «Құтқарушылар мен өрт сөндірушілер – балалар көзімен» атты сурет байқауы өткізілді. Жеңімпаздар арнайы марапатталып, естелік сыйлықтарға ие болды.

Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері SOS Children's Village Almaty балалар ауылында «Қауіпсіздік шекарасыз» атты көшпелі іс-шара өткізді. Мұнда да балаларға өрт кезіндегі эвакуация ережелері түсіндіріліп, өрт сөндіру техникалары мен жабдықтар таныстырылды. Сонымен қатар, алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша дәріс өтіп, арнайы қорғаныс киімдерін кию жарысы ұйымдастырылды. *«Балалар тек теориялық білім алып қана қоймай, тәжірибе*



(Сурет: ЖИ).

арқылы өз өмірлеріне қажетті негізгі дағдыларды үйреніп жатыр. Бұл олардың қауіпсіздікке деген көзқарасын өзгертеді», – дейді Еркебұлан Жұматаев.

Мейірім мен қамқорлық – басты құндылық

Балаларға қуаныш сыйлау тек қауіпсіздікпен шектелмейді. Бұл күні Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында ем алып жатқан балалар да ескерусіз қалған жоқ. Олар үшін арнайы мерекелік бағдарламалар ұйымдастырылып, қуыршақ театрының қойылымы қойылды, балаларға түрлі сыйлықтар табысталды. Ал Бостандық ауданы ТЖ басқармасының ұйымдастыруымен Республикалық спорт колледжінің базасында

жүзу сабағы өтті. Мұнда мамандар балаларға суда өзін қалай ұстау керектігі, қауіп төнген жағдайда не істеу қажет екені туралы кеңінен түсіндірді.

Бақытты балалық шақ кепілі

Балаларды қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет пен қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі. Осындай жан-жақты іс-шаралар – тек бір күндік науқан емес, ұзақ мерзімді қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырудың нақты көрінісі. Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті алдағы уақытта да балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы іс-шараларды үздіксіз жалғастыратынын мәлімдеді. Өйткені, балалар қауіпсіздігі – басты назарда болуы тиіс.

ЖОБА

БІЛІМ және ТӘЛІМ

«ЕсоCAMP» лагері балалар үшін таңғажайып әлемге айналды

Алматы қаласының мектептерінде жазғы демалысты пайдалы әрі мазмұнды өткізуді мақсат еткен этно-лагерьлер жұмыс істеп жатыр. Баланың демалысын тиімді ұйымдастырумен қатар, олардың ой-өрісін, шығармашылығын дамытуға бағытталған бұл жобалар ата-аналар тарапынан жоғары бағаға ие болуда.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алатау ауданындағы №196 жалпы білім беретін мектеп жанынан ашылған «ЕсоCAMP» атты жазғы лагерь – соның жарқын бір мысалы. Мектеп директоры Гүлмира Бүркітбаеваның жетекшілігімен жүзеге асып жатқан бұл жобаны білікті ұстаз Айжан Серікқалиқызы үйлестіруде. Өз ісіне жанашыр ұйымдастырушылардың арқасында лагерь шын мәнінде баланың жазғы демалысын мазмұнды білім мен қызыққа толы тәжірибелік алаңға айналдырып отыр.



Ата-аналардың айтуынша, бұл жәй ғана уақытша ойын-сауық алаңы емес – баланың жан-жақты дамуына арналған ерекше орта. Лагерьге қатысқан оқушылар әр күнін жаңа тақырыппен қарсы алуда. 10 күн – 10 түрлі бағыт: химия, астрономия, экология, биотехнология, робототехника сынды ғылым салалары балаға ойын

арқылы таныстырылады. Балалар өз қолдарымен вулкан жасап, микроскоппен зерттеу жүргізіп, робот құрастырып, тіпті ракета ұшырып көреді.

Алматылық ата-ана, Алатау ауданының тұрғыны Гүлмира Болатқызы Ақанова бұл лагерьге ерекше ризашылығын білдіріп, редакциямызға хат жазыпты. Оның

қызы Айару Жұмағазы «Bablgam» атты топта болып, ерекше әсерлі күндерді басынан өткізіп жатыр екен. «Біз бала күнімізде көрмеген тәжірибелерді қазір балаларымыз көріп, жасап үйреніп жүр. Бұл – үлкен жетістік», – дейді анасы.

Лагерьдегі тағы бір жаңашыл жоба – «Қазына картасы» мен «Қазына тиыны» атты ынтылдандыру жүйесі. Балалар күн сайынғы тәртібі мен белсенділігі, жақсы әрекеттері үшін тиын алып, оны арнайы сандыққа жинайды. Бұл – балаларды өз әрекетіне баға беруге, жауапкершілікке үйрететін тиімді тәсіл. Кешкілік кері байланыс кезінде олар не үйренді, не ұнады, қандай қиындық болды – бәрін бірге талқылайды.

– Баласының әрбір күннен жаңа нәрсе үйреніп, шабыттанып келгенін көру – ата-ана үшін ең үлкен қуаныш. Осындай ерекше форматта жазғы демалыс ұйымдастырып, балаларға білім мен қуаныш сыйлаған мектеп ұжымына, лагерь ұйымдастырушыларына алғысымды білдіремін. Бұл біз үшін балалық шақтың ең тәтті естеліктерінің бірі болып қалары сөзсіз, – дейді Айарудың анасы. Ол

тәрбиешілердің әр балаға жеке көңіл бөліп, еркелетіп, шабыттандырып отырғанын ерекше атап өтті.

Лагерьге жетекшілік еткен Айжан Серікқалиқызының айтуынша, мұндай жазғы мектептер – тек уақыт өткізу емес, баланың болашағына жасалған инвестиция. «Балалар ғылыммен, шығармашылықпен, жаңашыл оймен таныса отырып, өз-өзіне сенуді, өз ойын жеткізуді үйренеді. Бұл да – үлкен өмірге дайындық», – дейді ол.

Креативті атаулар берілген топтар – «Bubblegum», «Unicorns», «ЕсоСарбаздар» – балалардың қызығушылығын арттырып, лагерь өмірін жарқын әрі ұмытылмас етті. Ұстаздар мен тәрбиешілердің шығармашылықпен, махаббатпен жасаған жұмысы – әр баланың жүрегінен орын алды.

Қорыта айтқанда, №196 мектеп жанындағы «ЕсоCAMP» лагері – білім мен тәрбиені, ғылым мен ойынды, эмоция мен дамуды үйлестіре білген бірегей жазғы жоба. Осындай лагерьлер көптеп ұйымдастырылса, балалар үшін жазғы демалыс тек ойын емес, өмірлік мотивацияға айналатыны сөзсіз.

Қасым–Жомарт ТОҚАЕВ:

ҰЛТ РӘМІЗДЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КИЕЛІ БОЙТҰМАРЫ

Елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Еліміздің Әнұраны шырқалып, Көк байрағымыз көкке көтерілді. Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, бұл еліміз үшін мән-маңызы айрықша мереке екеніне тоқталды. Қазір Көк Туымыздың беделін бүкіл әлем мойындайды. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны альпинистеріміз жер шарындағы ең биік шыңдарға көтерді. Спортшыларымыз талай мәрте жеңіс тұғырына шығарды.

«БАЙРАҒЫ БИІК ЕЛДІҢ РУХЫ АСҚАҚ БОЛАДЫ»



— Ұлт рәміздері — Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран — мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын Көк Туымызды биікке

көтеріміз. Бабаларымыз «Туыңды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу — баршаға ортақ парыз. Бүгінде Көк байрағымыз қастерлі Отанымыз — Қазақстанның бейбіт аспанында желбіреп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау — қасиетті борыш. Биыл жауынгерлеріміз бітімгерлік миссиясын Көк байрақтың астында тұңғыш рет дербес орындап келді. Азаматтарымыздың, мемлекетіміздің осындай жетістіктері Қазақстанның қуатты әрі жасампаз ел екенін көрсетеді. Мемлекеттік рәміздер — ел мақтанышы. Елтаңбамыз, Көк Туымыз бен Әнұранымыз әр азаматтың жүрегінен ерекше орын алады. Бұл — нағыз отаншылдық белгісі. Ұлт нышандары — халқымыздың болмыс-бітімінің айнасы, жарқын болашағымыздың кепілі. Қазақта «Туы бірдің — түбі бір, жолы бірдің — жүгі бір» деген сөз бар. Еліміздегі түрлі этнос өкілдері Көк байрақтың астында тұтасып, тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біздің мүддеміз де, жолымыз да, мұратымыз да — ортақ. Бұл — Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру. Осы береке-бірлігімізді сақтап, нығайта берсек, кез келген биікті бағындырамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Алматыда Мемлекеттік Туды көтеру рәсімі өтті. Таңмен аталаса шайдай ашық аспан көгінде бейбіт елдің нышаны желбіреді.

Мемлекеттік Туды көтеру рәсімін «Батыр» Президенттік полкінің арнайы тобы өткізді. Салтанатты жиынға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, мәдениет пен спорт қайраткерлері, қоғам белсенділері, Қазақстан халқы Ассамблеясының және жастар ұйымдарының өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көкке көтерілер тұста Б.Байқадамов атындағы хор капелласы мен Алматы гарнизонының үрлемелі оркестрі Мемлекеттік Әнұранды орындады. Ту көтерілгенде жиналған жұртшылық ерекше тебіреніспен Әнұранға қосылып, шатқалды жаңғыртқан ұлт үнін мақтанышпен шырқап тұрды.

Іс-шара кезінде Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновті сөзге тарттық.

— Ұлттық рәміздеріміз — Ту, Елтаңба, Әнұран — тәуелсіз еліміздің ең қасиетті құндылықтары. Бұл мереке — халқымыздың жүрегінде жатқан Отанға деген сүйіспеншіліктің нақты көрінісі. Көк байрағымызды Медеудің төрінде желбіретіп, Әнұранымызды шырқап тұру — ұлттық мақтаныш. Аспанға көтерілген Ту — ел болашағына деген сенім мен береке-бірліктің белгісіндей әсер қалдырды. Ұлттық рәміздерді құрметтеу — әрбір азаматтың рухани парызы, — деді қаламгер.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты Бекбол Рамазан да бұл күннің ерекшелігін жастарға жеткізудің маңыздылығын атап өтті:

— Бүгінгі мереке — баршамыз үшін аса қастерлі күн. Көк Туымыздың желбіреуі — ата-бабамыздың маңдай терімен келген жетістік. Осы бір киелі күнді жастардың жүрегіне жеткізе білуіміз керек. Бүгінгі жас — ертеңгі ел тізгінін ұстайтын азамат. Оларға елді сүю, рәмізді қадірлеу парыз екенін ұғындыру — баршамыздың міндетіміз.

Салтанат соңында көрермендерге «Қазақстаным», «Отан», «Сүйікті елім», «Мен — қазақпын» сынды патриоттық әндермен әрленген концерттік бағдарлама ұсынылды.

Айта кетейік, Мемлекеттік рәміздер күніне арналған мерекелік іс-шаралар қаланың барлық аудандарында жалғасты.

Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін әйгілейді



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Серік ЕСМАТОВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

Тәуелсіздігіміздің айнасы, абыройымыздың бейнесі

Мемлекеттік рәміздер — бұл жәй ғана белгілер емес. Бұл — ұлттың жүрек соғысы, тарихи жадымыз бен жарқын болашағымыздың бейнесі. Әр жолы Мемлекеттік Туымыз көкке көтерілгенде, жүрек мақтаныш сезіміне толады. Оның аспан түстес көгілдір түсі — еркін қазақ даласының шексіз кеңістігі секілді. Бұл кеңістікте ғасырлар бойы домбыра үні естіліп, тұлпарлар шауып, Ұлы даланың азат рухты халқы өмір сүрді. Тудағы алтын күн — өмір жолымыздың белгісі. Таңғы арайдай анық, болашақ ұрпақтың арманындай жарқын. Ал самғаған бүркіт — халықтың қуатының, тәуелсіздігінің және тектілігінің символы.

Мемлекеттік Елтаңба — бай мәдениетіміздің жарқын көрінісі. Оның жүрегінде — шаңырақ. Ол — өмірдің бастауы, жылылық пен татулықтың белгісі. Ол бүкіл ел азаматтарын бір шаңырақ астына біріктіреді, берік

те мызғымас отбасындай ел болуға үндейді. Ал қос қапталдағы қанатты тұлпарлар — даму мен ұлттық рухтың символы. Шекарасыз биік арман мен жігерді білдіреді. Әнұран шырқалған сәтте — уақыт тоқтап қалғандай болады. Оның әуені жүректі тербеп, өткенімізге жетелейді. Ол халқымыздың ұлы тарихын еске түсіреді. Гимн — бүгінгі қолымыздағы Тәуелсіз елдің баға жетпес күндылық екенін, оны өз қолымызбен жасап жатқанымызды еске салады. Ол шабыт сыйлайды, еңбекке, бірлікке, ұлы істерге жетелейді.

Мемлекеттік рәміздер — Тәуелсіздігіміздің айнасы, абыройымыздың бейнесі, Отанға деген шексіз махаббатымыздың көрінісі. Сол себепті, оларды қорғау, құрметтеу, әрі бұл қасиетті сезімді балалардың бойына сіңіру — біздің ең қасиетті борышымыз. Өйткені, бұл рәміздерде — мәңгілік, қуатты, біртұтас Қазақстан бар!

МЕРЕКЕЛІ ЖИЫН

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ

Алматы қаласының әкімдігі ұйымдастырған Аалқалы жиын «Мемлекеттік рәміздер – ел мәртебесі» тақырыбы аясында өрбіді.

Конференцияға Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, Алматы қаласы қоғамдық кеңесінің мүшесі Қайыржан Әбдіхалықов, профессор-академик Алексей Цеховой, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов және өзге де зиялы қауым өкілдері, мәдениет қайраткерлері мен қоғам белсенділері қатысты.

Отырыстың тізгінін ҚР ҰҒА академигі Кенжехан Матыжанов ұстады. Конференцияда мемлекеттік рәміздердің қоғам мен халықаралық қауымдастықтар алдындағы және тарихи мән-маңызы сараланды. Сондай-ақ, ұрпақ тәрбиелеудегі, жастар бойында отансүйгіштік, патриоттық рухты қалыптастырудағы Мемлекеттік рәміздердің тағылымдық рөлі кеңінен талқыланды.

— Халқымыз өмір бойы армандап, тілеген күн — тәуелсіздік. Рәміздер арқылы әлем алдындағы орнымыз белгіленді. Бұл қазақ деген халықтың бар екендігін, тамыры тереңге жайылғандығын білдіреді. Рәміздер ел-жұртты, жас ұрпақты отаншылдық сезімге баулиды, — деді ҚР еңбек сіңірген қайраткері К.Ісләмжанұлы.

Әзірлегендер Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ, Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Медеу шатқалында Көк Туымыз көкке көтеріліп, еліміздің айбарлы рәмізіне тағзым жасалды

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



МӘМС

СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ТЕГІН КӨМЕК

балаларға қолжетімді

Бала – болашақ. Алматыда қанша жеткіншекке тегін медициналық көмек көрсетілді? Балалар арасында медкөмектің қандай түріне сұраныс жоғары болып тұр және оған қанша қаржы жұмсалды? Осы секілді тақырыптар төңірегінде Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалы өкілдері толыққанды мәліметін бөлісті.

Стационар

Біздің үкімет барлық балаға дүниеге келген сәтінен бастап ерекше қамқорлық жасап келеді. Ал медициналық сақтандыру жүйесінде олар 18 жасқа дейін мемлекет қолдауымен сақтандырылған.

Қазір Алматыда 18 жасқа дейінгі 644 мыңнан астам бала тұрады. Олардың әрқайсысы уақытылы әрі сапалы медициналық көмек алуға құқылы.

Биылғы 4 айда қалада 35 мыңнан астам бала кепілдендірілген тегін медициналық көмек және МӘМС пакеттері шеңберінде стационарлық ем алған. Бұған қор 10 млрд. теңгеден астам қаражат бөлді. Стационарда көрсетілген ем-домның дені жұқпалы аурулар, хирургия, урология, неврология, нейрохирургия және реабилитация бағыттарын құрайды.

Оның ішінде 83 ота жоғары технологияның көмегімен жасалған. Бұған қор 348,4 млн. теңге төледі.

Реабилитация

Балаларға көрсетілген көмек арасында медициналық оңалтудың алатын орны ерекше. Өткен 4 айда қала бойынша 3086 бала жалпы құны 898,6 млн. теңгелік реабилитациядан өткен. Олардың арасында ауыр дерт пен күрделі отадан кейін денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік алған өрендер де бар.

2025 жылдың бастапқы 3 айында балалар 360 мыңнан астам салалық маманның консультациясын алған. Олар көбіне офтальмолог, хирург, лор, стоматолог және невропатолог мамандарға қаралған. Аурудың алдын алуға бағытталған профилактикалық тексерулер – бала денсаулығын сақтаудың ажырамас бөлігі. Қала емханаларында 300 мыңнан астам бала тегін профилактикалық тексеруден өткен. Оған 857,4 млн. теңге жұмсалды.

Дәрі-дәрмек

Сонымен қатар, балалар мектептерде де үздіксіз медициналық көмекпен қамтамасыз етілген. Бұл, әсіресе, денсаулығы тұрақты қадағалауды қажет ететін жеткіншектер үшін маңызды бағыттардың бірі. Аталған уақыт аралығында білім ордаларында 4547 оқушыға медкөмек көрсетілген.

Мектепте оқитын балаларды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қарастырылған. Осы уақыт ішінде созылмалы аурулармен есепте тұрған 19 мыңнан астам балаға 2,5 млрд. теңгенің дәрісі берілген.



Тіс емдеу

Осы ретте МӘМС енгізілгелі бері стоматологиялық көмектің балаларға қолжетімді бола бастағанын да айта кеткен жөн. Бүгінде алматылық балалар емханалар мен жекеменшік клиникаларда тегін стоматологиялық көмекке жүгініп, кариес, альвеолит, пульпит, периодонтитті емдеп жатыр. Бұған қор 742 млн. теңге жұмсады.

Кейінгі жылдары алматылық ата-аналардың бала жазғы демалысқа шыққан кезде тісін емдетуді жақсы әдетке айналдырғаны байқалады. Ал сау тіс – денсаулықтың нағыз кепілі.

ИННОВАЦИЯ

АЛМАТЫЛЫҚ ГИНЕКОЛОГТАР

қынап пластикасы отасын сәтті жасап жүр

Алматының №7 қалалық клиникалық аурухана-асында гинеколог-дәрігерлер әйелдерге денсаулығын қалпына келтіріп қана қоймай, өзіне деген сенімін арттыруға көмектесетін хирургиялық операция – қынап пластикасын сәтті жасап жүр.

№7 ҚКА-ның гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Сәулеш Оспанғалиеваның айтуынша, қынап пластикасы қынап қабырғалары әлсіз, жас ерекшелігіне байланысты өзгерістерге ұшыраған, стресс салдарынан кіші дәретін ұстай алмайтын, кейбір туа біткен жағдайлары, қынаптың алдыңғы немесе артқы қабырғасы төмен түскен және жыныстық өмір сапасына көңілі толмайтын, қынабы жыртылған немесе жарақаты бар әйелдерге жасалады.

Биыл аурухана гинекологтары МӘМС аясында және ақылы негізде 25 қынап пластикасы операциясын сәтті жасады. Жуырда гинекология бөлімшесіне қынап қабырғасы түскен және өмір сүру сапасы да төмендеген әйел портал арқылы жоспарлы емдеуге жатқызылды. Ол өзін төменгі жағында бөгде зат тұрғандай сезінетінін, түшкірген, жөтелген және күлген кезде зәрі шығып кететінін, ал нәжісінің толық шықпайтынын айтып, шағымданған. Пациент бұған дейін бес баланы табиғи жолмен босанған, кейіннен созылмалы іш қатуы пайда болған. Ерімен жыныстық қатынас кезінде де қанағаттанбайтынын айтқан. Ол бұл жайсыз күймен 6 жыл бойы өмір сүрген. Енді жақында жамбастың түсіп кеткен аймағын қалпына келтіретін операция барын естіп, дәрігерге жүгінген.

«Біз елеулі тыртықтық өзгерістерді, тік ішек пен қуық сияқты көршілес мүшелердің бір-біріне жақындығын ескере отырып, барлық ықтимал тәуекелді қарастырдық. Кезең-кезеңмен алдыңғы және артқы кольпотомия, қуықты транспозициялау, леваторопластика, сондай-ақ бұтаралық пластика жасадық. Жағдайдың өте күрделілігіне қарамастан бәрі сәтті өтті», – деді гинеколог-дәрігер Дина Тұрлыбаева.

Дәрігерлер мұндай отадан кейін әйелдер тек физикалық жағдайы жақсарғанын ғана емес, сонымен қатар өзіне деген сенімділігі нығайып, отбасындағы қарым-қатынас та түзелгенін айтып, алғыс білдіретінін жеткізді.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

«ҰЙҚЫҢЫЗ ТЫНЫШ БОЛСЫН!»

Түні бойы жарықты жағып қоятындарға кеңес

Жуырда әлеуметтік желіде ұйқы туралы тақырып қызу талқыға түсті. Әрине, әртүрлі адам – әртүрлі түсінік, көзқарас.

Мәселен, Сәлима есімді замандасымыз «түнде жарықты жағып қойып ұйықтайтындарды түсінбеймін. Түн – ұйқыға, демалысқа арналған емес пе?! Кеше бөлемнің үйіне барып, таңға ұйықтай алмай шықтым, дәліздің жарығын жағып қоятын әдеттері бар екен. Бүгін мең-зең отырғаным сол» десе, Талғат мұны ағзадан тек түнде бөлінетін мелатонин гормонымен байланыстырыпты. «Ол болмаса күні бойы болдырып, шаршап жүреміз деген сөз» деп түйіндепті сөзін.

Ал Арнагул есімді желі қолданушы әр үйдің өз өмір сүру салты барын, үйінде кәрі кісі немесе кішкентай баласы бар адамдар жарықты үнемі жағып қоятынын айтса, Асқар деген азамат бала күнінен қараңғылықтан қорқатынын, сондықтан да атасы ылғи жарықты жағып қоятынын алға тартып, сол әдет есейгенінде де қалып қойғанын, әлі күнге дейін дәліздің жарығын жағып қойып ұйықтайтынын жасырмапты.

– Менің әжем түнде жарықты өшіртпейді. «О дүниеге барғанда ақыры мәңгілік қараңғы түнекте жатамыз. Осы өмірдің жарығында

жатайық» деп. Соған дағдыланып кеткенбіз, – депті Сәуле.

Дұрыс қой, жарық өмірге не жетсін! Дегенмен ғылым әлемі түн мезгілінде жарықтың жанып тұрмауы маңызды дейді. Себеп? Осы ретте Талғат есімді соңғы кейіпкердің пікірін толықтыра кетейік.

Иә, ұйқы – өміріміздің өте маңызды және ажырамас бөлігі. Бұл ағзаның жұмысын қалпына келтіруге және ауыр жұмыс күндерінен кейін адамның демалуына мүмкіндік береді. Ал мелатонин – табиғи антиоксидант. Ол тек қараңғылықта, түнгі ұйқы кезінде бөлінеді. Түнгі сапалы ұйқыда ағзаның барлық органында жаңару жүреді екен, қауіпті клеткалар жойылады, нерв жүйесі тынышталады, ағза тынығып, ертеңгі күніне күш жинап алады.

Тіпті, бұл гормон тек белгілі бір уақытта, яғни кешкі сағат 20.00 мен таңғы 03.00 аралығында бөлінеді екен. Ал нақты белсенді болатын уақыты – түнгі 23.00 мен түнгі 02.00 арасы. Дәл осы уақытта бұл гормонның бөлінуіне жауап беретін мидағы без жұмыс істей бастайды. Ал шам тұрмақ, бөлмедегі саңылаудай ғана жарықтың өзі адамды алаңдата берсе, мелатониннің түзілуі бұзылады.

Сонымен, мелатонин – қараңғыны «сүйетін» гормон. Ол қан қысымын төмендетеді, дене температурасын сақтап тұрады, қандағы глюкоза деңгейін реттейді. Ал ұйқысы дұрыс болмаған адамның күні бойы мазасы қашып, сіркесі су көтермей ашуға жиі беріліп кететіні бар.

Ұйқыңыз тыныш болсын!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.



ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА

«БАЛАЛЫҚ ШАҚ ҚАЙДА КЕТТІ?»

Алматы психикалық сауықтыру орталығының өрендері
тамаша қойылымды сахналады

Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығының кішкентай емделушілері ұйымдастырған сахналық қойылым көрермендерінің ықыласына бөленді. Олар бұл спектакльге төрт ай бойы дайындалыпты.

Нұржамал
Әліш

Науқас жасөспірімдерді театр өнеріне баулып, сахна төрінде өз бойындағы қорқынышпен күресуге және көпшілік алдында сөйлеуге жігерлендіріп жүрген арт-терапевт Дарияш Қасымова бұл қойылымда жасөспірімдер балалық шақпен қоштасып, ата-анаға перзентіне көңіл бөлудің маңызды екенін, жүрегіндегі тілегін жеткізуге тырысады дейді.

Сондай-ақ, орталықтың балалар бөлімінің дәлізінде суретшілер көрмесі өтті. Емделушілер балалық шаққа саяхат жасап, жарқын сәтті, жақын адамды немесе өміріндегі ұмытылмас күнді, оқиғаны қылқаламмен ақ қағазға бейнеледі. Көрмеге қойылған шығармалардың басым бөлігі – жануарлар мен ойыншықтардың суреті. Екі автор-бала ғана ата-анасын еске түсірген. Ал бір емделуші ақ шашты әжесін сағынған секілді, саябақта әлдекімді күтіп отырған кейуананың бейнесі көрмеге келген қонақтардың қызығушылығын оятты. Әр туындының астарында балалардың балалық шаққа сағынышы мен мұңдалап жатқандық. Әрі қарай мерекелік іс-шара асханада жалғасты. Емделушілер шеберлік сабағына қатысып, тұзды суға қамыр илеп, оған бояу қосып,



мысық мүсінін жасады. Бұл шығармашылыққа баулу арқылы олардың ойлау қабілетін дамыту, күйзелістен арылуға көмектесу дейді мамандар.

Бүгінде Алматыда 3 мыңға жуық бала мен жасөспірім психикалық динамикалық бақылауда тұр. Алматы қалалық Психикалық орталығының ғимараты ерекше балалардың шығармашылық алаңына айналған. Орталықтың дәрігерлері, медицина қызметкерлері бұл күні қоғамнан оқшау өмір сүретін кішкентай науқастарға осындай мерекелік көңіл күй сыйлап қуантты.

Елімізде басталған «Дәрігер – балалардың жанашыры» акциясы аясында Орталықта бақша өнімдерін егуді, баптаудың қыр-сырын үйрететін шеберлік дәрістері өтті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дарияш ҚАСЫМОВА:

Арт-терапия жанды емдейді

Психикалық ауруға шалдыққан балалар үшін арт-терапия – еңбек терапиясының пайдасы зор.

Ал қылқаламның құдіреті емделушіге эмоциясын білдіруге, ішіндегі қорқыныш пен уайымын бүкпей ақтарып, мазалаған кеселмен күресуге мүмкіндік береді. Әрі науқастың шығармашылық дағдыларын дамыту арқылы өзін-өзі бағалауды жетілдіруге пайдасы зор. Балалардың өзі дайындаған сахналық қойылымда олардың қоршаған ортаның сырын, құпиясын білуге деген талпынысы байқалады. Сценарий авторлары да, кейіпкерлері де – орталықтың пациенттері. Біз олардың бұл жетістігін жоғары бағалаймыз.



БРИФИНГ

АЙНАЛАЙЫН, АБАЙЛА!

Жазғы лагерьлерде бақылау күшейеді

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті баспасөз жиыны балалардың жаз айларындағы қауіпсіздігіне арналды. Алматының Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары Айтан Елеусізов жиында жазғы каникул кезінде, әсіресе, қалалық жерде оқыс оқиға қаупі артатынын алға тартты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мұндай жағдайдың алдын алу үшін былтырдан бері мекемелер арасындағы ықпалдастық артып, қоғамдық бақылауды күшейтуге арналған іс-шаралар қолға алынған. «2024-2025 жылдары қабылданған іс-шаралардың арқасында қауіп-қатерді барынша бәсеңдетіп, қаладағы 266 мыңнан астам баланың алаңсыз демалуына жағдай жасадық», – деді Айтан Елеусізов.

Полицейлердің тағы бір міндеті – жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Жаз кезінде олар жас инспекторлармен бірге ойын-сауық мекемелерін бақылап, балалар көп жүретін мектеп, сауда орындары мен вокзал маңын тексеріп, рейд жасаған. «Балалар лагері мен демалыс орындарының әрқайсысында бекітілген бір-бір бөлімше полицейі мен ювеналды полиция қызметкері бар. Олар кез келген жағдайда жылдам қимылдап, оқыс оқиғаның алдын алуға тырысады. Ата-аналар жағы балаларының қайда, қай жерде жүргенін қадағалап, оларды үнемі бақылап отыруы керек. Балалармен бірлесіп жол қауіпсіздігі ережесін жаттап, қауіп төнгенде оларға не істеу керек екенін айтыңыздар. Ең бастысы – балаға шұғыл қызметтің 101, 102, 103 және 112 нөміріне қоңырау шалуды үйретіңіз», – деп ескертті Айтан Елеусізов.

Алматы қаласының Төтенше жағдайлар

департаменті ата-аналарды баланы судың маңында қараусыз қалдырмауға шақырады. Қалада шомылу маусымы мен жазғы демалыс басталмай жатып балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күшейту жұмыстары жүргізілуде. Бұл туралы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Есбол Сұлтанов Алматы қаласы өңірлік коммуникациялар қызметінде айтты.

Оның мәлімдегеніндей, Алматы қаласы мен тауға жақын аудандарда 44 су айдыны бар, олардың 9-ы суға түсуге қауіпті. Оқыс оқиғаның алдын алатын және ұйымдастыру жағын қамтитын іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылып жатыр. 2024 жылдан бастап қауіпті саналатын жеті учаскеге интеллектуалды бейнебақылау камералары орнатылған. Олар нақты уақытта құтқару қызметтерінің компьютеріне, қызметкерлердің мобильді құрылғыларына тікелей қосылы. Сол арқылы суға түсу тәртібі немесе заңдылық бұзылған жағдайда жауапты қызметкерлер жедел әрекет етеді.

Сонымен қатар, 28 панфиловшылар саябағында да «Бала қауіпсіздігі – басты мақсатымыз» ұранымен алдын алуға бағытталған ауқымды іс-шара өтіп жатыр. Оның мақсаты – балаларға күнделікті өмірге керек әдеп негіздерін үйрету, дәріс беріп, дағдысын қалыптастыру, сондай-ақ құтқарушылардың жұмысын, арнаулы техника мен жабдықтардың мүмкіндігін көрсету.

Жаз басталғалы бері Алматыда полиция, құтқарушылар мен еріктілер тұрақты рейд жүргізе бастады. Су айдындарында тәртіпті бұзған 6 адам жауапқа тартылған. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары, сауда орталықтары, ХҚКО, кинотеатрлар, метро мен адам көп жиналатын басқа жерлерде де ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Брифинг кезінде Балаларға жедел медициналық



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейіржан ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
балалар хирургы:

Ата-аналар қараусыз қалдырмасын

Балалардың жарақат алуы да жасына қарай болады. Мектепке дейінгі жастағылары көбіне ересектер дұрыс қарамағандықтан жазым болып қалып жатса, оқушылар жағы ойнап жүріп, бірнәрсені ұстаймын деп жүріп жазатайым жарақат алып қалады. Және жарақат алғандардың көбі – жасөспірімдер. Бұған үлкендер тарапынан бақылаудың жоқтығы сияқты бірқатар түрлі себептер түрткі болады. Аулада жүріп, ойын ойнап, спортпен айналысып жүріп алған жарақат бірінші орында тұр. Балалардың жарақаттанып қалуының негізгі себептері: балаға қарамағаннан (45%); байқамай жарақат алу (25 пайыз); оқыс оқиға (2%); жол-көлік оқиғасы және т.б.

Алматы қаласындағы балалар ауруханаларының қабылдау бөлімдеріне (№2 қалалық балалар клиникалық ауруханасы мен Балаларға жедел медициналық көмек орталығы) бір жыл ішінде 104 мыңнан астам науқас жедел медициналық көмекке жүгінді, оның ішінде 21,8 мыңы нейрохирургия және 48 мыңға жуығы травматология бойынша. Нейрохирургиялық диагнозбен 3,3 мың науқас ауруханаға жатқызылса, 3,9 мыңға жуығы жарақат алған. Күйік алған 1,6 мың адам көмекке жүгініп, оның 1 мыңнан астамы ауруханаға жатқызылды. Осы жылдың бес айында Алматы қалалық Балаларға жедел медициналық көмек орталығының қабылдау бөліміне 19,6 мың бала түсті.

көмек орталығының қабылдау бөлімінің меңгерушісі, балалар хирургы және травматолог Мейіржан Құрманәлиев балаларды оқыс оқиғадан қалай және қайтп қорғауға болатынын айтып берді.



СҰХБАТ

Төрәлі ҚЫДЫР,
Ислам ғылыми-зерттеу
институтының директоры,
шығыстанушы–ғалым:



Рухани тазарып,
ренжіскендер
табысатын күн

– Құрбан айт мерекесі құрбан шалумен ғана шектелетін ұғымдай көрінеді. Түпкі мағынасы неде?

– Құрбан айт мерекесі де келіп жетті. Мұсылман күнтізбесі бойынша Зұлхижжа айының 10-күні Құрбан айт басталады. Бізде ұлттық және діни мереке-леріміз бар. Құрбан айт – діни мереке саналады. Кейінгі кездері мұсылман қауымының құрметіне орай демалыс күні болып бекітілген. Әрине, қазақ арасында Құрбан айт деп біледі.

Құрбан дегеніміз – құрбандық шалу, ал айт – араб тілінде мереке дегенді білдіреді. Сондықтан да мұсылман қауымы бұл күнде құрбандық шалып, бір-біріне айттайды. Әлбетте, құрбандық шалу жағдайы келгендерге уәжіп саналады. Мұның тарихы тым әріде. Адам-Ата заманына дейін барады. Одан бергі Ибраһим мен Исмаил пайғамбарлар қиссасына келіп тіреледі. Себебі, бұрынғы замандарда Пайғамбарларға ең жақсы көрген нәрсесін құрбандыққа шалу міндеттелген болса, сол арқылы Құдай Тағала Ибраһим пайғамбарды өзінің сүйікті ұлы Исмаилды құрбандық шалу ретінде бір сынаған.

Сондықтан да ол имани сеніміне берік болғандықтан қазақ таным-түсінігімен айтқанда көктен қошқар түсіп, содан бастап күллі мұсылман үмметі құрбандық шалуды өздері уәжіп, амал ретінде ұстанады. Мұның түпкі мағынасы – шынайылық. Шын имани сенімнің болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар, тазалық! Ата-бабаларымыз «Арафа күні» деп үстеріне жақсы иістерін сеуіп, үйін тазалап, жеті шөлпегін пісіріп дайындалған. Айт намазынан шыққан соң, бір-бірінің үйіне кіріп айттайтын болған. Жеті үйге кірместен, үйлеріне қайтпайтын болған. Сол арқылы көптен бері көрмеген ағайын-туыс, құда-жекжат дидар-ғанибет болатын. Құрбан айттың түпкі мағынасы – халықтардың мереке-леуі, өзара жақын араласуы, шынайы имани сенімде болуы, бір-біріне құрмет, ренжіскен адамдардың жарасуы секілді мәселелерінде жатыр.

– Мұсылман ұғымында құрбандықты тек діни мереке қарсаңында шалу керек пе, әлде ниет етіп, жылдың кез келген мезгілінде мал сойып,

дұға-тілек жасай беруге бола ма?

– Бірнәрсені нақтылай өтейін. Құрбан айтта құрбандық шалу – Зұлхижжа айының 10–12 күндері ғана белгіленген. Сондай-ақ, мұсылмандар, соның ішінде қазақ халқы қуанышты жағдайда, қайғылы кезеңдерде, Жаратқан жолында төрт түлік малды құрбандыққа шалып жатады. Бірақ ол шалынған құрбандықтар садақа, құдайы ретінде жүреді. Оған діни астар беріп, дұға жасау біздің дәстүрімізде қалыптасып қалған.

Онлайн құрбан шалу –
дінге қайшы емес

– Қазір онлайн құрбан шалу немесе біреуге сеніп тапсыратындар бар. Жалпы, мұндай үрдіске қалай қарайсыз?

– Кейбір діни амалдар – уақыт пен мекенге қатысты бейімделіп отырады. Құрбандықтағы мақсат – әуелі Хақ Тағалаға ниет ету, сосын құрбан шалып, қан шығару. Сол себепті де арнайы өкіл немесе тағайындалған орын арқылы да, қашықтықтан онлайн құрбан шалуға да рұқсат етіледі. Мұны ислам ғалымдары да қостаған. 2020 жылғы COVID-19 пандемиясы уағында онлайн құрбан шалу үрдісі қалыптасты. Бұл дінге қайшы емес. Дін қайта құптайды. Әркім басында тұрып «Бисмиллаһи Аллаһу Акбар» деп өзі шалғанға жетпеуі мүмкін. Бірақ қым-қуыт заманда біреудің уақыты болмайды, кейбірі іссапарда, басқа өлкеде болады.

Сондай жағдайларда қаражатын беріп, басқа бір

жандарға айтып, құрбан шалдыруға мүмкіндік бар. Бұл үрдіс қоғамға біртіндеп еніп келе жатыр. Басында үрке қарайтындардың табылуы қалыпты жағдай. Әсіресе, ҚМДБ белгілеген арнайы орындар, сенімді мекемелер, өкілдіктер болатын болса құрбан шалуға болады. Өйткені, шалынған құрбандықтар негізінен, мұқтаж жандарға таратылады.

Қазір Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жақсы бір платформа жасады. Сол платформада онлайн тапсырыс беріп, құрбан шалғандығыңыздың есебін, төлем түбіртегін алуға толық мүмкіндік қарастырылған.

Түркістанда – Ислам
институты ашылады

– Дербестік алған шақта Арабия, Иран, Түркия сияқты елдерде дін мамандары дайындалды. Қазір өз жерімізде, мәселен, Түркістанда тағы бір қазақтың өзінің дәстүрлі жолымен ислам жоғары оқу орнын ашып, кадр дайындасақ қалай болады?

– Бұл сұрағыңыз өте орынды! Егемендік алғаннан кейін дінімізге рұқсат етілді. Десе де, діни кадр дайын болған жоқ. Сол себепті, біз жастарды Араб елдеріне, Түркияға қарай оқып үйренуге жібердік. Ал Иранға ресми көп кетпеді, 5-6 санаулы адам кеткен болар. Шетелдерде оқудың жақсы жақтары болды, дінді жақсы түсінді. Ал теріс тұсы дін үйренумен қатар, сол елдердің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бойларына сіңіріп келді. Ал ол қазақтың салт-дәстүріне сыймайтын, кейде оғаш келетін дүниелерді айта бастады. Бірақ бүгінде

барлығы орнына түсіп келе жатыр. Әрине, Қазақстан дегенде Түркістан ойға оралады. Түркістан – қазақ елінің ғана емес, түркі-мұсылман әлеміндегі киелі-қасиетті мекендердің бірі. Ғұлама ойшыл Қожа Ахмет Ясауи бабамыз, хан-сұлтандар, баһадүр батырлар, мықты шайырлар және талай игі жақсылар сонда жерленген. Биыл Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Түркістанда, Ислам институтын ашқалы отыр. Ол жерде имамдардың білімі жетілдіріледі.

Сонымен қатар, бұрынғы біздің ата-бабамыз оқыған Қожа Ахмет Ясауи хикметтері, кейбір қисса-дастандар сол Ислам институтында оқытылатын болады. Баяғы қадім мектептеріндегі кейбір пәндер де енеді. Соның негізінде осыдан бір ғасыр бұрынғы дәстүрлі рухани кеңістік қайта жаңғырады. Кезінде шетелге кадр даярлауға отандастарымыз барып келді. Әлгінде айтып өткендей, оның жақсы һәм кемшіл тұсы да болды. Түрлі түсініспеушіліктерге де ұшыратты. Бұйырса, бұл да бір ізге түседі.

Ұлттық һәм діни
құндылықтар
қабысуы керек

– Бүгінде мұсылманшылықтың қай саласы аса зерттеуді қажет етеді?

– Осыдан 2 жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі исламды ғылыми негіздеу қажеттігін айтты. Осыған назар аудару керек. Соның ішінде дін мен дәстүр сабақтастығына, ұлттық һәм діни құндылықтардың қабысуына назар аударылса, сонда біздің мұсылмандықтағы сара жол анық көрінеді.

Дәстүрлі ислам – ғасырлар бойы ата-бабаларымыз ұстанған жолдың қайта жаңғыруы. Бұны ғылыми негіздеу тарапына баса көңіл бөлу керек. Жаңадан ашылған Ислам ғылыми-зерттеу институты осыған жіті назар аударып отыр. Бабалардан мұра боп қалған мың жыл бойғы жазбаларды қайтадан шығарсақ деп отырмыз. Соның арқасында дәстүрлі, рухани құндылықтарды насихаттау, діни һәм ұлттық құндылықтар арасындағы сабақтастықтарды ашып көрсетуге көңіл бөлу қажет. Руханият тек

дін мен дәстүр саласы емес. Бұған халықтың ауызша әрі жазба мұрасы, тіл мен әдебиет, тарих, фольклор, этнография кіреді. Дінді аталған салалармен байланыстыра отырып зерттесе, шын мәніндегі дәстүрлі ислам көрініс береді.

Ата-діңгекке қайта
ораламыз

– Діни құндылықтарды алға шығарып салт-дәстүрді ысырып, батыр бабаларымыздың ерлігін, өнегесін айтпау қаншалықты дұрыс?

– Әлгі ойымды түздықтай түсейін. Егемендік алған шақта экономикаға басымдық бердік те, руханияттан кемшілік жіберіп алдық. Мұның салдары кейіннен сезілді. Ислам атын жамылған жамағаттар қазақтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қарсы келетін сөздер айтып, оғаш істер жасады. Кейінгі кездері Діни басқарма бұл мәселені мықтап қолға алды. Соның нәтижесінде дін мен дәстүр сабақтастығын аңғартатын үш кітап шығарып, оқырман назарына ұсынды.

Бүгінгі дін қайраткерлеріне, уағызшыларға қойылған талап – дінді қазақ халқының бай фольклорымен, сан ғасырлық шежіресімен, ұстанған дүниетанымымен байланыстыру. Сондай-ақ, Муфтият Жарғысына ұлттық құндылықтарды насихаттау бөлігі кірді. Кезінде сыналап енген түрлі жамағаттар ысырылып, түптің-түбінде ата-бабалар ұстанған дәстүрлі дінге қайта ораламыз.


Ғылымда жүйелі
жұмыс жасалуы қажет

– Қазақ ғылымына кандидаттық, докторлық жүйені PhD-мен қатар қолданып, ғылымға бөлінетін қаржы түбіне дейін жету үшін қайтпек керек?

– Бізде кандидат, докторлық жүйемен қорғаған мамандар бар. Бұл кеңестік кезеңнен жеткен ғылыми үдеріс-тұғын. Қазір магистр, PhD деген ғылыми-академиялық бағыттың енгеніне де 15 жылдай уақыт өтті. Басында Болон процесінде кадр дайындау қиынға түсті. Шетелдік Scopus, Web of science журналдарда мақала шығару қиындық тудырды. Бүгінде тәубе етіп, бұл саланы да игеріп, ғалымдар шәкірт тәрбиелеп жүр. Кейінгі жылдары мемлекет ғылымға назарын бұрды. Сондай-ақ, қомақты қаржылар да бөліне бастады.

Қаржыны соңына дейін жеткізу үшін салалық министрліктен бастап, ҒЗИ-дің барлық механизмінде жүйелі жұмыстар жасалуы қажет. Жас ғалымдар PhD қорғап жатыр. Алайда, шетелде Doctor of science деген дәреже бар. Мұны қорғағандар толық Ғылым докторы атанады екен. Бәкім, келешекте осы жағына да жіті назар аудару қажет шығар. PhD академиялық дәреже болатын болса, әлгі идея ғылыми дәрежеге лайық. Бұл атқамінерлерге құлаққағыс!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.





МУФТИЯТ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти:




(Басы 1-бетте)

Шын мәнінде, Құрбан айт – жалаң құрбандық емес, ол – ішкі жан-дүниенің тазарту мен рухани тұрғыдан жаңғыру деген сөз. Сұлтанмахмұт Торайғыров бабамыз бір сөзінде дін шын ақыл, ғылыммен бірлік етсе ғана шын дін болатынын, құр көңілге сеніп, құлшылық ету дұрыс емес екенін айтқан. Расында, «құрбан» сөзі «жақын болу», «жақындау» деген ұғымды білдіреді. Бұл – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы осында жатыр.

Материалдық мүмкіндігі бар, әрі жолаушы емес мұсылманға құрбандық шалу – уәжіп, мұсылмандық міндет. Ал шамасы келмеген адамға Алла Тағала мұндай міндет жүктемеген. Айт күндері аз да болса садақа беріп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен көпбалалы отбасыларға көңіл бөлу – сауапты іс. Құрбан айт тек құрбан шалумен шектелмейді. Бұл – ағайын арасын жақындата түсетін күн. Араздасқан адамдар татуласып, өзара кешірім жолын ұстанады. Айт күндері туысқанның басын қосып, қарым-қатынасты күшейткен абзал.

Құрбан айт – отбасы құндылығын арттыратын мереке. Ата-анамызға, бала-шағамызға сыйлық беріп, оларға

ҚҰРБАН АЙТ – МЕЙІРІМ МЕРЕКЕСІ



арнайы көңіл бөліп, барынша қуантайық. Мұндайда өскелең ұрпақ Құрбан айттың қадірі мен сауабын сезініп, ізгілікке ұмтылады, мерекені асыға күтеді», – делінген үндеуде.

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы 2025 жылды діни қызмет аясында «Ислам және отбасы құндылығы» жылы деп жариялағаны белгілі. Осы орайда ҚМДБ төрағасы бұл игі бастама аясында қасиетті Құрбан айт күндері жүзеге асатын ізгі іс-шаралар отбасы құндылығын, жанұя жарасымын арттыруға бағытталатынына маңыз беріп, жамағатты осы бастамаға үн қосуға шақырды.

Биыл да құрбан шалу рәсімі онлайн және офлайн форматта өтпек. Осы мақсатта qurban.muftyat.kz сайты іске қосылып, құрбандық еті нақты мұқтаж жандарға жеткізіледі. Бас мүфти келтірген деректерге сүйенсек, өткен жылы жалпы саны 40 778 мал құрбандыққа шалынып, 131 ет қабылдау пункттеріне

жиналған құрбандық еті 136964 отбасыға үлестірілген. Құрбандық еті 358 мекемеге, атап айтқанда, мүгедектер, зағиптар қорына, ауруханалар мен ардагерлер үйіне берілген. Биыл да осы қайырымдылық іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылмақ. Еліміз бойынша 60 орында құрбан шалу рәсімі жүзеге асырылады. Ол барша әлеуметті ортақ сауапты іске үлес қосуға шақырды, жасалған қайырымдылық амалдары мақсатты орындарға, нақты айтқанда, мешіттен көмек сұрап келген әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға беріледі.

Мүфтият басшысы жыл сайын Құрбан айт күндері жекелеген азаматтар, сонымен қатар, кейбір беймәлім қорлар мен ұйымдар халықты онлайн құрбандық жасауға үгіттейтінін айтып, қайырымдылық іс-шараларды жеке мүдделеріне қолданатын қорлардан сақ болуға шақырды. Қайырымдылық – адал әрі әділетті жолмен жасалуы

тиіс. Ол Қожа Ахмет Ясауи бабамыз бір даналық сөзінде Хаққа қызмет халыққа қызмет етуден басталатынын айтқанын еске салды.

Бұл – халықтың разылығы – Хақтың разылығында деген сөз. Наурызбай қажы Тағанұлы еліміздегі барша шаруа қожалықтарының қожайындарын мал құнын қолдан көтермей, халыққа оңтайлы бағаны ұсынуға, мал бағасын қолдан көтермеуге, кәсіпкерлерді әлеуметтік азық-түлік бағасын тұрақты ұстауға, жұртқа жақсылық жасап, көпшіліктің алғысын алуға үндеді. Қайырымдылық – Алланың разылығы үшін жасалатын амал, ол міндетті түрде сауаппен қайтады.

«Құрбандық пен садақа – жүректегі иман мен шынайы ниеттің көрінісі. Алла шалған құрбандықтарыңызды, жасаған жақсылықтарыңызды қабыл етсін!», – деп түйіндеді Бас мүфти.

Т.ДЕРБИСАЛИН.

БРИФИНГ

ЖАНАШЫРЛЫҚ ӘРІ САУАПТЫ ІС

Алматының жеті ауданында құрбан шалатын 12 арнаулы орын ашылды



Биыл қасиетті Құрбан айт мейрамын мұсылмандар 6, 7 және 8 маусым күндері атап өтеді. Алматының жеті ауданында осыған орай үлкен мешіттерге жақын жерде құрбан шалатын 12 арнаулы орын ашылды. Қаланың бас имамы Төлеби Оспан мен Дін істері басқармасының бөлім басшысы Досхан Рахметілдаев Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде осылай деп хабарлады.



6 маусым күні таңғы сағат 06.00-де қаланың 56 мешітінде Айт намазы оқылады. Намаздан кейін бірден құрбандық шалу рәсімі басталады.

«Құрбан айт – бұл жәй ғана рәсім емес, бұл – жанашырлық пен сауапты іс. Бұл күндері мұқтаж жандарға қолұшын созып, бауырмал болып, ізгілікке ұмтылған дұрыс. Қаламыздағы тұрғындардың барлық игі ниеті мен амалын Алла қабыл етсін», – деді Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан.

Оның айтуынша, жылдағыдай арнаулы орындарда мал сатылып, құрбандық шалынып, ет таратылады. Барлық орын таза, шариғат нормаларына да сай келеді. Діни рәсімді мешіттің қызметкерлері бақылап отырмақ. Сондай-

ақ, қаладағы 56 мешіт мұздатқыш орнатылған көліктермен де қамтамасыз етілген. Қала тұрғындары шалған құрбандығын жақын маңдағы мешітке апарып, қайырымдылыққа арнаса да болады.

Досхан Рахметілдаевтың айтуынша, барлық жерде құқық қорғау органдарының, санитарлық қызметтің және ветеринарлық бақылау инспекциясының мамандары кезекшілік атқарады. Олар мал сойған кезде санитарлық талаптың сақталуын қадағаламақ. Сонымен қатар, қоғамдық тәртіп күшейіп, рұқсат етілмеген жерде заңсыз сауда жасауға жол бермейді. Сонымен қатар, qurban.muftyat.kz онлайн-сервисі ашылған. Бұл сайт арқылы қашықтан құрбан шалуға

тапсырыс беріп, оны бақылай аласыз. Сондай-ақ, ет алғысы келген мұқтаж жандар да осы сайт арқылы өтініш бере алады.

Діни шаралардан бөлек, дәстүрлі мерекелік бағдарлама да жоспарланған. Құрбан айт мерекесіне орай барлық мешітте киіз үйлер тігіліп, мерекелік дастархан жайылады, ұлттық спорт ойындары өткізіледі. Балаларға батуттар, тәттілер мен түрлі ойындар дайындалған. Сонымен қатар, дін қызметкерлері балалар үйіне барып, бүлдіршіндерге сыйлықтар табыстап, оларды Айт мерекесімен құттықтамақ.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Алматы қаласында құрбан шалуға рұқсат етілген орындардың тізімі:

Алатау ауданы бойынша:

1. «Мырзахмет» мешіті. «Қарасу» ш/а, Солтүстік айналма жолы көшесі, 15.

2. «Әскер ата» мешіті. «Айгерім-1» ш/а, Бенберин көшесі, 18/4.

3. «Алғабас» мешіті. «Алғабас» ш/а, Сайгүбе көшесі, 6.

Бостандық ауданы бойынша: 1. «Бақыткелді» мешіті. «Хан-Тәңірі» ш/а, Дулати көшесі, 27/11.

Медеу ауданы бойынша: 1. «Омар ибн әл-Хаттаб» мешіті. Жуков көшесі, 136 А.

2. «Аманқұл ата» мешіті. Т.Бигелдинов көшесі, 5.

3. «Фатима» мешіті. Ш.Жәнібек көшесі, 148.

4. «Райымбек батыр» мешіті. «Думан-1» ш/а, Хан Тәңірі көшесі, 15.

5. «Арафат» мешіті. Ибрагимов көшесі, 5 А.

Наурызбай ауданы бойынша: 1. «Қалқаман-2» мешіті.

«Қалқаман-2» ш/а, Аспандияров көшесі, 84.

Түркісіб ауданы бойынша: 1. «Қайрат» мешіті. «Қайрат» ш/а, Сарымолдаев көшесі, 22.

Жетісу ауданы бойынша: 1. «Әл-Мәдина» мешіті. Федоров көшесі, 12.

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ӘШІРБЕК ӘЛЕМІ

Журналистік-шығармашылық терең ізденісімен, ұйымдастырушылық-басшылық қызметімен қазақ баспасөзінде өзіндік қолтаңбасын қалдырып кеткен белгілі қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Әшірбек АМАНГЕЛДІ әріптесімізге өзі тұрған «Қазақфильм» ықшамауданындағы 32-үйге ескерткіш-тақта орнатылды.



Нұржамал
Әліш

Ескерткіш-тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне Әшірбек Маханбетқұлұлының қаламдас ағалары, ізетті інілері, жана-шыр достары, бауырлары, шәкірттері жиналып, ол туралы әдемі естеліктер айтты. Оны қазақ баспасөзіндегі танымдық, интеллектуалды, классикалық журналистиканың ірі тұлғасы, үлкен білімнің, оның ішінде энциклопедиялық білімнің иесі еді деп еске алды бәрі.

Әшірбек Амангелді ҚазМУ-дың Журналистика факультетін, Мәскеудегі Жоғарғы комсомол мектебінің жастар баспасөзі бөлімін бітірген. Әр жылдары республикалық дәрежедегі «Қазақстан пионері» мен «Өркен-Горизонт» газеттерінде, «Арай-Заря», «Білім және еңбек» журналдарында бөлім меңгерушісі, жауаты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. «Зерде», «Заңгер» журналдарында Бас редактор, «Зерде» баспасының директоры болған. Ал өмірінің соңғы он жылын біздің «Алматы ақшамы» газетіне арнап, саяси шолушы қызметін атқарған әріптес шын мәнінде қала басылымының дәрежесін республикалық деңгейге көтеріп, газеттің абыройын қыр асырып, беделін биіктетті.

Әшірбек Амангелдіні жұмысқа қабылдаған газеттің сол кездегі Бас редакторы Қали Сәрсенбай «шын жүйрікті көкпарға салмайды» деген түсінікпен оны редакцияның қара жұмысынан азат етіп, шығармашылық еркіндік берді.

ЕСТЕЛІК

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы:

Келер ұрпаққа үлгі



Біз өзіміздің ардақты азаматтарымызды, тұлғаларымызды қасиет тұтып, дәріптеп жүрген халықпыз. Соның ішінде Әшірбектей қаламгерге ескерткіш қоюдың өз жөні бар. Өйткені, ол ешкімнен ештеңе сұрамаған, ештеңе дәмептеген адам. Бірде-бір мемлекеттік атағы жоқ. Ешқандай марапатқа, сыйлыққа да жүгірмеген. Бірақ оның шығармалары сол сыйлықтан артық, құнды.

Бізге осы ескерткіш-тақтаның ашылуына қолдау көрсеткен Алматы әкімдігіне рахмет айтамыз. Әшірбек Маханбетқұлұлының соңғы істеген жұмыс орны да Алматының газеті болатын. Ол ешкімнің бет-жүзіне қарамай, шындықты жазатын. Саяси портреттерді, саяси шолуларды Әшірбектей жазған адам азғантай. Сондықтан мына отыз екінші үйдің қабырғасында Әшірбек әріптесіміздің аяулы бейнесінің жарқырап тұруы, жүріп өткен жолы келесі ұрпақ үшін үлкен үлгі. Біздің бәрімізге мақтаныш. Бұл – Әшірбектің қазақ баспасөзіне сіңірген еңбегін насихаттаудың алғашқы қадамы.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
жазушы-публицист:

Әділ, турашыл еді



Оның кейіпкерлерінің қатарынан Өзбекәлі Жәнібеков, Еркін Әуелбеков, Евней Букетов, Исатай Әбдікәрімов, Мұстақым Ықсанов, Шараф Рашидов пен Мұхтар Әуезов, Америкада Кен, Кеннет Алибек деп аталатын әйгілі ғалым-микробиолог Қанатжан Әлібеков сынды небір тұлғаларды көруге болады.

Әшірбек «1380 жылы Алтынорда беклербегі Мамай мен Мәскеу князі Дмитрий Донской басқарған жасақтар арасында өткен соғыста орыс әскерлерінің жеңіске жетуі Русьтің бірлігін қалпына келтіруге бағытталған маңызды қадам болды» делінетін Күлік даласындағы шайқас шындығы жайында қызықты журналистік зерттеу жариялады. Мұнда ол аталмыш шайқастың болмағанын дәлелдеген тосын да батыл ойларымен көпшілікті баурап алды. Қазақ мемлекеттігінің 550 жылдығы тойланар жылы менімен өткізген сұхбатында оның тарихқа өзіндік дербес, тәуелсіз көзқарасы барын тікелей біліп, мен де разы болған едім.

Жалпы, Әшірбектің мақалаларынан оның әділ, турашыл мінезі анық көзге ұрып тұратын.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Өйткені, бізге оның шығармашылық потенциалы керек еді. Ең бастысы, сол талап он есе болып қайтты. Қоғамда дүмпу туғызып жатқан шетін мәселелерді қаузаған салмақты, салиқалы сараптамалық дүниелері оқырмандарымыз іздеп, әр нөмірімізді күтіп жүріп оқитын сүбелі мақалаларға айналды. Себебі, бойындағы шалқар білімімен тақырыпты талдап, талғап, парасатты пайыммен тереңінен зерделеп тұрып сауатты жазуда оған жететін жан жоқтың қасы еді. Қуатты қаламынан туған, нақты дерек-дәйектерден тұратын «Байқоңырдың» басшыларын дірілдеткен», «Евней Букетов қалай қудаланды?», «Шараф Рашидовтың Әуезовке өкпелеуі», «Исатай Әбдікәрімов Ұлттық энциклопедияға неге енбей қалған?», «Хрущевке қарсы шыққан екі қазақ ғалымы», «Кенестік жүйені сынаған Қалшабеков», «Мағжанды жазып жазықты болып едік», «Ықсанов Әуелбековке неліктен қарсы

Қали СӘРСЕНБАЙ,
журналист-жазушы:



Әшекеңді әлі іздейді...

Әшірбекте бос, артық сөз деген болмайтын, тек дерекпен, бұлжымайтын ғылыми, нақты дәйек, дәлелмен ғана жазатын. Бірде Әшекеңнің «Күдігі көп Күлік шайқасы» деген мақаласы жарияланып, «Алматы ақшамы» редакциясының телефонына тыным болмай кетті. Тіпті, бір орысшыл азаматтың маған сес көрсеткені де бар еді. Сұмдық болғанда, Әшекең дүниенің ғалымдарының, орыстың өз ғалымдарының сөзін келтіріп, Куликов шайқасының болмағанын ақтарып жазған ғой.

Оның тасада қалған тұлғалар туралы толғаныс, сұхбаттарының өзі әңгімедей оқылатын. Бірде Мәмбет Қойгелді Әшекеңнің «Кеннет Әлібек Америкаға қайта кетті. Ол елге сыймады ма, сыйдырмадық па?» деген мақаласы жөнінде жерден алтын тауып алғандай хабарласып, жарты сағат сөйлестік. Мұндай жағдайлар айта берсеңіз көп. Әшекең қайтқаннан бірер айдан кейін қоңырау шалып, іздеушілері де көбейді. Бірде-бір ақсақал «Әшірбек қайда? Неге жазбай кетті?» деп телефон соқты. Кәдімгідей көңіл толқиды.

Ол «Таным», «Көзқарас» деген екі кітап шығарды. Шіркін, осы екі кітапты бүгінгі «интернет-журналистерге», жасанды интеллектіге сүйеніп кеткен жастардың арасында оқытса ғой дейсің. Біздің Әшекең соншалықты білім жия тұра сол биіктің біріне де ұмтылмады. Өз несібесімен өмір сүрді. Марқұм сондай бір тұлғаға айналған адам. Әшекеңді елі әлі іздейді. Мынау ескерткіш-тақта соның бір белгісі, бастамасы деп ойлаймын.

Қуандық ТҮМЕНБАЙ, жазушы:



Бір жыл, бір ай, бір күнде туғанбыз

Әшірбек екеуіміз бір жыл, бір ай, бір күнде туғанбыз. Тағдыр бізді журналистика әлемінде жолықтырды. Ең бір жарқын сәттерді курстас-дос болып бірге өткіздік. Оның ең бір саналы өмірі, шабытты шағы осы отыз екінші үйде өтті. Әшірбектің қаламы осы үйге келгеннен кейін жүрді. Өндірте жазды. Осы үйде Айгүлі өмірге келді. Аяулы жары Сәулені қаншалықты қадірлеп өткенін жанында жүрген біз білеміз. Зерек еді. Лекцияда айтылғандарды қағып алатын. Алгебра мен геометрияны, физика мен химияны да шыр айналдырады. Менделеевпен бірге жүріп, маңдайына алма түсіп, жердің тартылыс күшін амалсыз дәлелдеген Ньютонмен алма бақтың саясында құдды бірге жатқан секілді.

Кәсіпке адал, қолы таза еді. Штирлицтей аса сак, компьютердей ар жағынды көріп тұратын. Баспа ашып, кітап шығарды, тарихқа жүгініп, жолы болмай жүргендердің еңбегін жария етті. Кейін «Алматы ақшамы» газетінде Сирия мен Ауғанстан, Америка мен Ұлыбританияны шыр айналдырды, Путин мен Трамптың тірлігіне олармен бірге оқыған курстасындай баға беріп, байлам жасады. Өмір соқпағын тек өз заңымен ғана жүріп өткен құрдас еске түскенде жастық шак, студенттік ирелең жолдар көз алдыға осылай орала кететіні бар.



шықты?» деп аталатын танымдық мақалалары кезінде «ақшамның» абыройына абырой қосқанын сол кездегі көзі-қарақты оқырмандарымыз ұмытпаған болар.

Әшірбек Амангелдінің айтқыштығы да керемет еді деп еске алды замандастары. Бір күні төмен қарап келе жатса, алдынан шыққан белгілі бір ағамыз «Әй, Әшірбек, басың салбырап кетіпті ғой. Неге жерге қарап келе жатсың?» десе «Өзіңіз жерге қаратып кеткен соң, енді қайда қараймыз?!» деген екен. «Ол сондай турашыл, мәймөңкелемей ойындағысын ақтара салатын, онда бөспелік, ойдан қосу деген болмайтын, жасаған жақсылығын да сатпаған, кісіге таңдап амандаспаған бір ғажап адам еді ғой» десті сөз алған әріптестері.

Қазақтың қабырғалы қаламгерінің аяулы есімі ұмытылмай, ел есінде осылай жаңғыра бермек.

Ермек ЖҰМАХМЕТҰЛЫ,
журналист:

Тасқа басылған жазу өшпейді



Біздің Әшекеңмен тағдыр-тәлейіміз бір болды. Екеуіміз де комсомол мектебінде тәрбие алдық, ҚазМУ-де оқыдық. «Өркен-Горизонт», «Алматы ақшамы» газеттерінде бірге қызмет істедік. Бір-бірімізге қарайлап жүріп, мінез қалыптастырдық. Өте жақсы сыйластық. Бір-бірімізге деген сол жолдастық ықыласымызды мақтан етіп өтермін.

Ол өзінің кәсіби міндетіне адал болды. Қысқа ғұмырында даңқ қумады, атақ іздемеді, марапатқа қызықпады. Бірақ кезінде коммунистік цензураның қатаң бақылауында болып, жариялауға болмайтын тербелісі күшті турбалентті тақырыптарға еркін қалам тербеген, саналы ғұмырын журналистикаға сарпа жұмсаған азаматтың атақсыз кеткеніне налитыным бар кей-кейде. Ол жазған мақалаларында трайбализмді, еуроцентристік, шовинистік ұстанымды әшкерелеп, логика ғылымындағы «терістікті теріске шығару» заңына жүгінуден тартынбады. Дегенмен, «Алматы ақшамында» жарық көрген танымдық мақалаларын топтап, «Көзқарас», «Таным» кітаптарын шығарды. Тасқа басылған жазу енді ешқашан өшпек емес.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (кала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (кала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (кала), 4820,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ХАБАРЛАМА

Орман ресурстарын жанама пайдалану және оны ЕҚТА шеңберінде жүзеге асыру

1. Орманды жанама пайдалану дегеніміз не?

Орманды жанама пайдалану – орман экожүйесіне залал келтірмей, орманның өнімдері мен қызметтерін ағаш кесусіз пайдалану. Бұл әдіс орманды ұтымды әрі тұрақты пайдалануға мүмкіндік береді. Жанама пайдалану түрлеріне мыналар жатады:

- Жеміс-жидек, жаңғақ, саңырауқұлақ, дәрілік өсімдіктер жинау;
- Ара шаруашылығымен айналысу;
- Рекреациялық және экотуристік қызмет (серуендеу, фото-туризм, атпен жүру, табиғатты бақылау);
- Танымдық және ағартушылық экскурсиялар;
- Қолөнер және тұрмыстық мақсаттағы табиғи материалдар жинау (шайыр, бұтақтар, жапырақтар).

2. ЕҚТА шеңберінде орманды жанама пайдалану қалай жүзеге асады?

ЕҚТА (Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар) – табиғи кешендерді, биоәртүрлілікті және экожүйелерді сақтау мақсатында мемлекет қорғауына алынған аумақтар. Бұларға ұлттық парктер, қорықтар, қорықшалар және табиғи резерваттар жатады.

ЕҚТА аумағында орманды жанама пайдалану белгілі бір ережелер мен рұқсаттар негізінде ғана жүзеге асырылады. Мұнда басты мақсат – табиғи тепе-теңдікті сақтау.

Жүзеге асыру жолдары:

- Рұқсат алу;
- Аумақтың мақсаты мен аймағына қарай шектеу;
- Экологиялық сараптама жүргізу;
- Уақыт пен көлем шектеулерін сақтау.

Мысалдар:

- Парктер аумағында туристік маршрут ұйымдастыру;
- Белгілі мерзім ішінде жидек жинауға рұқсат алу;
- Бекітілген ормандарда ара ұясын орналастыру.

3. Заңдық нормалар мен құқықтық негіз

Қазақстанда орманды жанама пайдалану мен ЕҚТА шеңберіндегі қызмет келесі заңдармен және нормативтік актілермен реттеледі:

Негізгі заңдар:

- «Орман кодексі» (2003 ж.)
- 38-бап: орман ресурстарын жанама пайдалану түрлері;
- 39-41-баптар: орман пайдалануға рұқсаттар беру тәртібі;
- «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңы (2006 ж.)
- 39-бап: ЕҚТА аумағында ресурстарды пайдаланудың жалпы шарттары;
- 41-бап: экологиялық талаптар және шектеулер;
- Экологиялық кодекс (2021 ж.)
- Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаға әсерді бағалау (ОВОС) талаптары.

Қосымша құқықтық негіздер:

- ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Экология министрлігінің бұйрықтары мен қағидалары;
- Жергілікті ЕҚТА әкімшілігінің ішкі ережелері.

Орманды жанама пайдалану кезінде заңсыздыққа жол берілмеу тиіс, егер заңсыз әрекеттер орын алған жағдайда ҚР әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне:

387-бап. Ағаш кесілген жерлерді кесілген ағаш қалдықтарынан уақытылы тазартпау, орман соқпақтары мен кеспеағаш аймағына іргелес аумақтарды қоқыстау.

1. Ағаш кесілген жерлерді кесілген ағаш қалдықтарынан уақытылы тазартпау, орман соқпақтары мен кеспеағаш аймағына іргелес аумақтарды қоқыстау – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он екі, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған дәл сол іс-әрекеттер – жеке тұлғаларға – он бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Орманды жанама пайдалану – қоршаған ортаны сақтай отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартатын тиімді әдіс. Бұл тәсіл ЕҚТА сияқты экологиялық маңызы жоғары аумақтарда да жүзеге асуы мүмкін, бірақ ол тек заңмен бекітілген талаптар мен шектеулерді сақтай отырып, арнайы рұқсат негізінде ғана іске асады. Орманды осындай жолмен пайдалану – табиғатты сақтап қалудың және қоғам игілігіне жарату жолының үйлесімді үлгісі.

Е.СЫРЫМОВ,

**Алматы қ. ЭЖҚО басқармасы «Медеу» МӨТП КММ
Орман пайдалану инженері – мемлекеттік инспектор.**

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 87-бабы 4) тармақшасына және 2021 жылғы 3 тамыздағы №286 экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының» 4-тарауына сәйкес, Алматы қаласы бойынша Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғау аймағын құруға арналған жаратылыстану-ғылыми негіздеме (ЖҒН) жобасы бойынша ақпараттық жүйе арқылы қоғамдық талқылаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 16 маусымнан бастап 20 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) өтеді: <https://ecportal.kz>.

Ескертпелер мен ұсыныстар белгіленген мерзімде БЭП арқылы, сондай-ақ ecology@almaty.gov.kz, alataupark@mail.ru және tau_aspan@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады. Белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсыныстар қарастырылмайды

Бастамашы: «Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қ. Мүлік Сүртібаев, 1/1. БСН: 960540060718, e-mail: alataupark@mail.ru, тел.: +7 (727) 297-07-72.

Жобалаушы ұйым: «AspanTau LTD» ЖШС, Алматы қ., «Қалқаман-2» ықшамауданы, Сланов көшесі, 6-үй, БСН 051040009034, тел.: +7 (727) 378-20-78, e-mail: tau_aspan@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы қаласының «Қоршаған ортаны қорғау басқармасы» КММ, Алматы қ., Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 338-31-47, e-mail: ecology@almaty.gov.kz.

Алматыдағы мемлекеттік аудит: Мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Алматы қаласының туризм басқармасы» КММ іске асырған 20 санитарлық-гигиеналық торапты дайындауға және орнатуға арналған мемлекеттік келісім-шарттың орындалуын тексеруді аяқтады. «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының өтініші бойынша басталған бұл аудит қоғамның бюджет қаражатын бөлудің ашықтығы мен тиімділігіне деген сеніміне нұқсан келтіретін бірқатар сыни бұзушылықтарды анықтады.

Тексеру барысында шарттың орындалу мерзімі бұзылғаны және жеткізуші пайдаланатын материалдар мен жабдықтар мәлімделген техникалық талаптарға сәйкес келмейтіні белгілі болды. Сонымен, санитарлық тораптарда автоматтандырылған есіктер мен ақылы қолжетімділік жүйелері болмады, ал банк карталарын қабылдау бойынша шешімдер іске асырылмады. Бұл фактілер Алматы қаласы бойынша Сот сараптамасы институты мамандарының қорытындысымен расталды, бұл жағдайдың ауырлығын арттырады.

Талпырыс берушінің мерзімін өткізіп алғаны және Шарт талаптарын тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіріп алу жөнінде ешқандай шара қолданбағаны да алаңдатарлық. 2022 жылы жұмыс істемейтін немесе жабық модульдік санитарлық тораптар туралы жұртшылық пен БАҚ тарапынан шағымдарға қарамастан, ықпал ету шаралары қабылданған жоқ. Сайып келгенде, объект сенімгерлік басқаруға берілді, алайда бұл шара нәтижесіз болды: шарт бұзылып, санитарлық тораптар аудан әкімдіктерінің балансына берілді.

Тексеру материалдары бұдан әрі ден қою үшін уәкілетті органдарға жіберілді. Қазіргі уақытта іс Алматы қалалық сотында қаралуда және тағайындалған сот сараптамасы осы оқиғаның барлық мән-жайларын нақтылауға тиіс.

Ішкі мемлекеттік аудит департаменті бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігі мен ашықтығы қағидаттарына өзінің адалдығын атап көрсетеді, бұл мемлекеттік саясаттың басымдығы болып қала береді. Әрбір анықталған бұзушылық мұқият қаралады, ал кінәлілер заңда көзделген жазаға тартылады. Қоғам мемлекеттік мекемелерден бюджет қаражатын жұмсауға жауапкершілікпен қарауды күтуге құқылы, өйткені бұл азаматтардың өмір сүру сапасы мен билікке деген сенімін арттыру үшін негіз болып табылады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЭКО-ФЕСТИВАЛЬ

«ЖАСЫЛ БОЛАШАҚ» – тәрбиелік мәні бар маңызды жоба



бастауыш сынып оқушылары сағына тосатын болады. Әрі байқау балалардың экологиялық мәдениетін дамыту тұрғысында үлкен көмекші құралдың да міндетін атқарары сөзсіз. Барлық қатысушылар диплом мен бағалы сыйлықтарға ие болып, ең үздік жұмыстар ресми сайтта және «Jasyl Bolashaq» мобильді қосымшасында жарияланады. Эко-фестивальға қатысқан барлық балалардың кітапханасы «Қала деген – мен» атты тамаша кітаппен толығып, шыршаның жас өскіні тарту етілді.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсел ТАСМАҒАМБЕТОВА,
Шоқан Уәлиханов мектебінің
негізін қалаушы:

Табиғатқа және ел болашағына жауапкершілік

Экологиялық байқау – жас алматылықтардың бастама көтеруіне, топпен жұмыс істеуіне және экологиялық мәселелерге шығармашылық тұрғыда көзқарас білдіруіне мүмкіндік беретін болады. Оқу жылы өз мәресіне жетіп, оқушыларымыз жазғы демалысқа шықса да, Шоқан мектебі өз жұмысын жалғастырып жатыр. Себебі, бұл – тек білім мен тәрбие беретін мекеме емес, сонымен қатар болашақ ұрпақтың санасын жаңғыртатын, маңызды жобаларды жүзеге асырып жүрген ерекше орта.

Біз балаларға білім беріп қана қоймай, табиғатқа және ел болашағына жауапкершілік сезімін де қалыптастыруға тырысамыз. Сол жобалардың бірі – бүгінде халықаралық деңгейге көтерілген Шоқан экологиялық форумы. Бұл – біз мақтанышпен айтуға тұрарлық үлкен жетістікке жеткен бастама. Ал бүгінгі өтіп жатқан «Жасыл болашақ» эко-фестивалі арқылы біз балаларға табиғатты аялау мен қорғаудың маңызын түсіндіреміз, әрі оларды қоршаған орта мәселелеріне бей-жай қарамай, шешім іздеуге және өз ойларын шығармашылықпен жеткізуге баулимыз. Сондықтан «Жасыл болашақ» – жай ғана мереке емес, үлкен тәрбиелік мәні бар маңызды бастама деп білеміз.

Фабрис НЕВЕ,
Францияның Алматыдағы
Бас консулы:

Достық айнасы

Экологияны сақтау қазіргі таңда әлемдік проблемаға айналып отыр. Мен осынау іс-шараға қатысып, Алматының көркеюіне өз үлесімді қосқаным үшін қуанып тұрмын. Әлгіде Әсел ханым екеуіміз отырғызған бәйтерек тек экологияны қолдаудың ғана белгісі емес, екі мемлекеттің достығының айнасы.



Сонымен қатар, байқауға қатысушы балалар шеберлік сабақтарына, түрлі ойындар мен эстафеталарға белсене қатысты. Ш.Уәлиханов атындағы жекеменшік мектепте ұзақ уақыттан бері Вадим Цуриковтің жетекшілігіндегі «Тұрақты Даму орталығы» жұмыс жасайды. Орталықтың басты ерекшелігі – мұнда балалардың үйлерінде де тәжірибені ары қарай жалғастыру мүмкіндігі бар құрылғылар жинақталған. Бұл күні балалар осынау орталық төрінде Әміржан Серікболұлы, Жұмабай Мейірдің жетекшілігімен «Жасыл желек», «Баламалы энергия көздері», «Эстафеталық эко ойындар» деп аталатын үш станцияда тоқтап, өз білімдерін шыңдады. Әсіресе, табиғатты қорғау, еліміздегі экологиялық мәселелер туралы сауалдардың шешуін табу мақсатында ұйымдастырылған «Kahoot» интеллектуалды ойынын Самал Бақтыгерейқызымен бірге қызыға ойнады.

Биылғы байқау өзінің өзектілігімен ерекше есте қалды. «Жасыл Қазақстан» мемлекеттік тұжырымдамасын қолдау мақсатында өткізілген бұл байқауды

бес критерий бойынша бағаланды. Қазылар алқасы тақырыптың сәйкестігі, идеяның ерекшелігі, көркемдік деңгейі, ұжымдық еңбек және ұсынылған шешімнің практикалық маңыздылығы сияқты бағыттарды зерделей келе баға берді.



Алматыда Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектептің мұрындық болуымен «Жасыл болашақ» атты эко-фестиваль өтті.

Рая
ЕСКЕНДІР

Экологиялық байқауға шаһардағы жалпы білім беретін мектептердің 1–4-сынып оқушылары қатысты. Өткізіліп отырған байқау оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және табиғатқа деген жауапкершіліктерін қалыптастыруға бағытталды. «Жасыл Қазақстан» тұжырымдамасын қолдау мақсатында жүзеге асып отырған экологиялық-фестиваль екі кезеңді қамтыса, алғашқы іріктеу кезеңі қашықтан өтіп, қатысушылар 26 мамырға дейін өз жұмыстарын jasybolashaq.kz сайтына жүктеген еді. Осынау сын сағатынан сүрінбей өткен 80-нен астам финалист Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Ш.Уәлиханов атындағы жекеменшік мектепте өткен көрмеге қатысып, марапаттау рәсімінің қонағы болды.



«Жасыл Қазақстан» мемлекеттік тұжырымдамасын қолдауды мақсат тұтқан байқаудың көтеріп отырған жүгі қомақты. Байқаудың ашылу салтанатында Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектептің негізін қалаушы Әсел Иманғалиқызы сөз кезегін алып, мемлекетіміздің болашағы үшін алаңдаушылық білдіріп, экологияға өз үлестерін қосып жатқан қаланың жас тұрғындарына ризашылығын білдірді. Осыдан соң сөз кезегін алған бастауыш және орта мектеп директоры Дәулет Түлкібайұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тазаалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені, «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз», – деген пікірін тілге тиек етті.

Әр топ құрамындағы оқушылар қоғамдағы ең өзекті, ең өткір экологиялық мәселелерді көтерді. Айналаны қоршаған табиғатқа деген қамқорлықты қалам тілімен безбендеп, оны шешудің жолдары бейнеленген плакаттар әзірледі. Жалпы, табиғаттың жас достары әзірлеген жұмыс